


Баға бұғаусыз
кетпеуі тиіс



2-бет

Қоғам таңдауы –
тазалық



5-бет

Жылқыдан
дарыған дәру



8-бет

• БҮГІН – ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ!

Кемелдікке бастар жол

Статистикаға сүйенсек, орташа есеппен алғанда елімізде әр тұрғын жылына орта есеппен 3 кітапты да толық оқып үлгермейді. Өйткені, соңғы жылдары елімізде оқырман мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тың жобалар арқылы рухани серпіліс байқала бастады. Соның бірі – Қарағанды облысында 67 мыңнан астам оқырманды біріктірген «Кітап оқитын ұлт» жобасы. Байқау шеңберінен шығып, қоғамдық қозғалысқа ұласқан бұл бастама елге не берді?

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кез келген өркениетті қоғамның өресі мен өрісі оның кітапқа деген ықыласымен өлшенсе керек. Бағамдап қарасақ, экономикасы қарыштап, іргесі бекіген елдердің басты құпиясы да – осы рухани кемелдікте. Кітаппен дос болған қауымда қылмыс азайып, кей мемлекеттерде тіпті, абақтылардың қаңырап бос қалуы да бекер емес. Бұл – білімнің бастауы болған қасиетті қара сияның күдіреті. Өйткені, көп оқыған жанның көкірек көзі ашылып, ақ пен қараны, обал мен сауатты таразылай білетін салмақты пайымы қалыптасады. Парасатты ортада кез келген түйткіл тоқпақпен емес, тоқсан ауыз сөздің түйінімен, байыпты мәмілемен шешіледі. Сайып келгенде, санасы сәуелді адам заңнан қорыққаннан емес, арының алдындағы жауапкершілікті



сезінгендіктен тәртіпке бағынады. Расында, кітапханасы көркем елдің келешегі кемел, іргесі берік екені кәдік.

Психологтар мен ғалымдардың пайымынша, кітап оқу адамның танымын да, болмысын да байытады. Ең әуелі, сөздік қорды молайтып, беймәлім сөздердің мағынасын іздеу арқылы тілдік түйсікті

дамытады. Көп оқығанның өзіндік «Мені» қалыптасып, өзгенің жетегіне еруі азаяды. Оқылған әр шығарма – адам санасына құйылған инвестиция. Сонымен қатар, кітап ми қызметін жаттықтырып, ойын сергек ұстайды. Үздіксіз ой нейрондарды қозғалысқа түсіріп, картаю үдерісін баяулатуға да ықпал етеді. Креативті ойлауға

жол ашады, күрделі ақпаратты жүйелі қабылдауға үйретеді. Көп оқитын адамның өзге адамдармен тіл табысуы да жеңіл. Өйткені, оның таным көзкіеігі кең, ортақ тақырып табуы оңай.

Қазақстан кітап қоры жөнінен әлемде 41-орында тұр. Еліміздегі әрбір мың тұрғынға 249 кітаптан келеді. Worldpopulationreview ха-

лықаралық статистика агенттігі жариялаған рейтингте Қазақстан 98 елдің ішінде 92-орынға жайғасқан. Бізден кейін тек Бангладеш, БАӘ, Сауд Арабиясы, Пәкістан мен Ауғанстан ғана бар. Ал, көш басында АҚШ, Үндістан, Ұлыбритания, Франция және Италия тұр.

Сарапшылар бұл рейтингті сатылған кітаптар санына емес, тұрғындардың бір жыл ішінде қанша кітап оқитынына қарай есептеген. Мәселен, америкалықтар жылына орта есеппен 17 кітап оқып, оған 357 сағатын жұмсайды. Ал, қазақстандықтардың көрсеткіші 3 кітапқа да жетпейді, оған небәрі 60 сағат шамасында уақыт арнайды.

Дүниежүзілік баспа нарығындағы соңғы жаңалықтарға көз жүгіртсек, оқырман сұранысының айтарлықтай өзгергенін байқаймыз. Мәселен, дамыған елдерде аудиокітаптар мен электронды басылымдардың үлесі жыл сайын артып, дәстүрлі қағаз кітаптармен терезе теңестіре бастады. Ел аумағында да бұл үрдіс біртіндеп тамыр жайып, отандық платформалар арқылы қазақтілді аудио және электронды контенттің көлемі ұлғайып келеді. Смартфонды ақпарат тұтынудың негізгі құралына айналдырған буын үшін бұл әдебиетке жақындаудың ең ұтымды жолы. Тиісінше, оқырман белсенділігін өлшейтін заманауи статистика тек баспа-хана өнімдерімен шектелмей, цифрлық ресурстарды пайдалану жиілігін де ескеретін жаңа кезеңге аяқ басты.



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

Конституцияны мектептен оқытады

Қазақстан мектептерінде оқушыларға Конституция негіздерін оқыту жоспарланып отыр. Тиісті елективті құрстар 5-9-сыныптар аралығында енгізіледі. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі хабарлады.

6 сәуірде Үкімет Негізгі заңды түсіндіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекітті. Құжат аясында «Конституция негіздері» және «Заң мен тәртіп» атты жаңа курстар әзірленіп, мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламалары жаңартылды.

Министрліктің мәліметінше, білім беру мазмұнын жетілдіру барысында ескірген тақырыптар алынып тасталып, оның орнына қазіргі талапқа сай бағыттар енгізіледі. Соның ішінде, жаңа Конституцияның негізгі қағидаларын қамтитын бөлімдер де болады.

Жоспарға сәйкес, «Конституция негіздері» курсы 5-7-сынып оқушыларына, ал, «Заң мен тәртіп» курсы 8-9-сыныптарға арналған. Сабақтарды тарих және құқық пәндерінің мұғалімдері жүргізеді.

Сондай-ақ, оқу бағдарламасына «Адал азамат» құндылықтарын енгізу арқылы тәрбиелік бағыт күшейтіледі.

Өз тілшімізден

➤ 3-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Касп QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Сұраныс һәм таңдау

2025 жылы «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп айдарланып, бұл бағыттағы жұмыстарды ілгерілетуге баса назар аударылды. Бүгінде бұл стратегиялық бағыт нақты еңбек нарығындағы жағдаймен толық сәйкес келеді. Enbek.kz электрондық еңбек биржасының деректері өндірістік секторда бос жұмыс орындары бар екенін көрсетеді. Әсіресе, Қарағанды облысы сияқты индустриялық өңірлерде бұл мәселе ерекше өзекті. Ел арасында да өндірістік мамандықтарына сұраныстың көптігі де жиі айтылады. Шын мәнінде, аймақтағы ахуал қандай?

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өндірістік сектордағы сұраныс

Жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының еңбек нарығын талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Айнагүл Ермағанбетованың айтуынша, өндірістік және жұмысшы



мамандықтарына сұраныс жоғары.

– Аймақта өндірістік және жұмысшы мамандықтарына деген қажеттілік жоғары деңгейде сақталып отыр. Бұл – уақытша құбылыс емес, тұрақты. Бос жұмыс орындарының саны жоғары, ал, білікті кадр тапшы. Сұраныс алдағы ке-

зеңде де арта түсуі мүмкін, – дейді ол.

Қазіргі еңбек нарығында қалыптасқан басты ерекшелік – ұсыныс пен сұраныс арасындағы теңгерімсіздік. Яғни, мыңдаған бос жұмыс орындарына білікті мамандар жетіспейді.

Дерекке сүйенсек, Enbek.kz пор-

талында бүгінгі таңда 2 281 хабарландыру және 4 614 бос жұмыс орны тіркелген. Соның ішінде, 1 000-нан астам вакансия өндірістік және жұмысшы мамандықтарына тиесілі.

➤ 7-бет

• РЕСМИ

Баға бұғаусыз кетпейді

Қарағанды облысында Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитетінің төрағасы Ернұр Жаутиқбаев жұмыс сапарымен болды. Өңірдегі баға тұрақтылығы, делдалдық тізбектер және сауда инфрақұрылымын жаңғырту – күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің біріне айналды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапар аясында бірқатар кездесулер, өңірлік кеңестер ұйымдастырылып, ішкі сауда саласының қазіргі жағдайы жан-жақты қаралды. Әсіресе, әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мен нарықтағы артық делдалдарды қысқарту мәселесіне ерекше назар аударылды. Өңірдегі ішкі сауда көрсеткіштері тұрақты өсім көрсетуде. 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларында жалпы сауда көлемі 982,5 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 102,2%-ға жеткен. Бұл жоспарланған көрсеткішпен толық сәйкес келеді. Республика бойынша Қарағанды облысының үлесі 6,1%-ды құрап, төртінші орынға тұрақтаған.

– Сауда құрылымында көтерме сауданың үлесі 33,1%, ал, бөлшек сауда 27,2%-ды құрайды. Бөлшек сауда көлемі 426,5 млрд теңгеге жетсе, көтерме сауда 552 млрд теңгені көрсеткен. Сауда айналымында автокөліктер, жанар-жағармай өнімдері мен ет және азықтүлік тауарлары басым. Бұл өңірдің индустриялық бағыттағы аймақ екенін аңғартады. Баға тұрақтылығы мәселесі де басты назарда. Соңғы аптада әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының бағасы негізінен тұрақты сақталғанымен, жекелеген өнімдер бойынша өсім тіркелген. Атап айтқанда, тауық еті 2,8%-ға, қырыққабат 0,6%-ға, кияр 0,1%-ға қымбаттаған. Ал, алма бағасы 2,7%-ға төмендеген. Жалпы алғанда, жыл басынан бергі баға индексі 101,2%-ды құрап, республикалық орташа көрсеткіштен төмен деңгейде қалыптасты.

Жыл басынан бері бірқатар тауарлар бойынша айтарлықтай өсім байқалады. Мәселен, сәбіз



31,1%-ға, қызанақ 25,5%-ға, қой еті 12,8%-ға қымбаттаған. Бұл жағдай маусымдық факторлар мен жеткізу тізбегіндегі өзгерістерге байланысты. Ал, керісінше, кияр, пияз, күріш және тұз бағасының төмендеуі байқалған. Мемлекеттік бақылау шаралары да күшейтілген. Жыл басынан бері өңірде 25 комиссия отырысы өткізіліп, 41 заңбұзушылық фактісі анықталған. Оның ішінде сауда үстемесінің белгіленген деңгейден асуы мен негізсіз делдалдық қызметтер тіркелген. Нәтижесінде 53 әкімшілік айыппұл салынған, – деді Ернұр Жаутиқбаев.

Кәсіпкерлікті қолдау бағытында «Даму» қоры арқылы 1,7 млрд теңгеге 9 жоба қаржыландырылған. Онда инвестициялық жобалар да, айналым қаражатын толықтыруға бағытталған бастамалар да бар. Өңірде сауда инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Қарағанды қаласындағы «Алтын Арба», «Шығыс», «Горняк» және «Кайрат» базарларын кезең-кезеңімен модернизациялау жоспарланған. Жалпы инвестиция көлемі 9,2 млрд теңгені құрайды.

– Қазіргі бақылау шаралары адал кәсіпкерлерді қолдаудың орнына, керісінше, олардың қызметіне кері әсерін тигізіп отыр. Себебі, тексерістер негізінен заңды түрде жұмыс істейтін субъектілерге бағытталған. Яғни, шағын отбасылық дүкен ашқан, базарда ресми тіркеліп жұмыс істеп отырған кәсіпкерлер қатаң бақылауда. Ал, заңсыз қызметпен айналысатындар бұрынғыдай көлеңкеде қалып отыр. Осыған байланысты ең ал-

дымен делдалдар мәселесіне назар аудару қажет. Әсіресе, адал емес делдалдар нарықтағы жағдайды ұшықтырады. Жұмысты шекарадан бастау маңызды. Кеден саласындағы кейбір лауазымды тұлғалардың әрекеттерін тексеру қажет, өйткені елге контрафакт өнімдер көптеп енгізілуде. Бұл өз кезегінде заңды жұмыс істейтін бизнеске әділетсіз бәсекелестік туғызады. Әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының тізімін жетілдіру қажет. Қазақстан өзін әлеуметтік бағытталған мемлекет ретінде жариялағандықтан, халықты қолдау тиімді әрі теңгерімді тәсілдермен жүзеге асырылуы тиіс. Алайда, қазіргі таңда бұл тізімді 19 атаудан 31-ге дейін кеңейту бизнеске қосымша қысым түсіреді. Тағы бір мәселе – әлеуметтік тауарлардың жеткізілуі. Бұл өнімдер көбінесе ірі супермаркеттерге ғана жеткізіледі, ал, шағын дүкендер оларды алмайды. Нәтижесінде олар ірі сауда желілерімен бәсекеге түсе алмай, біртіндеп жабылуда. Ертен бұл кәсіпкерлер жұмысыз қалып, мемлекеттен әлеуметтік көмек сұрауға мәжбүр болады. Яғни, қазіргі саясат осындай жағдайдың қалыптасуына ықпал етуде, – деді Қарағанды облысы мәслихат депутаты Еркем Әбилдин.

– Бизнесіте қолдау жоқ немесе мемлекет керісінше кедергі келтіріп отыр деген пікірмен толық келіспеуі болмайды. Қазіргі таңда бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізілуде. Әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының тізіміне келсек, биыл оның ауқымы кеңейтілді. Бұрын 19 атау болса, қазір 31 атауға дейін ұлғайды. Бұл

шешімнің негізгі мақсаты – халық күнделікті тұтынытын негізгі азықтүлік өнімдерін қолжетімді ету. Елімізде шамамен 2,5 миллион адам осы санаттағы өнімдерді тұрақты тұтынады. Сондықтан, олардың бағасын тұрақтандыру – маңызды міндет. Тізімді кеңейтуге тағы бір себеп – бағаның негізсіз өсуі. Кейбір жағдайларда баға ешқандай экономикалық негізсіз, алыпсатарлық жолмен өсіп кеткен. Осыған байланысты ірі импорттаушылармен және көтерме саудамен айналысатын кәсіпкерлермен арнайы жұмыс жүргізілді. Себебі, кейбір жағдайда сауда үстемесі 40-50%-ға дейін жеткені анықталды. Бұл деректер электрондық шот-фактураларды талдау барысында белгілі болды. Аталған жұмыстар осы себепті қолға алынды. Айта кету керек, бұл тізім уақытша сипатқа ие. Жаз мезгілінде қайта қарау жоспарланып отыр, – деді Ернұр Жаутиқбаев.

Жалпы, бұл тізім екі санатқа әсер етеді. Ал, бөлшек саудада әлеуметтік тауарларға қойылатын үстеме баға 15%-дан аспауы тиіс. Қазіргі таңда көптеген сауда желілері бұл көрсеткішті 10% деңгейінде ұстап отыр. Өңірлік комиссиялардың жұмысы делдалдар санын азайтуға бағытталған. Нарықта ешқандай қосымша құн қоспай, тек қайта сату арқылы бағаны көтеретін делдалдар бар. Осындай жағдайлардың алдын алу – негізгі міндеттің бірі.

Төрағаның айтуынша, Қарағанды облысы бойынша қазіргі таңда тұрақтандыру қорының серіктесі ретінде шамамен 93 дүкен жұмыс істейді. Сондай-ақ, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) арқылы өнім жеткізу жүйесі жолға қойылған. Егер кәсіпкерлер тарапынан сұраныс болса, бұл бағытта бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік бар.

Жалпы алғанда, жұмыс сапары өңірдегі сауда саласының өзекті мәселелерін талқылауға және оны дамытуға жаңа серпін беруге бағытталған. Қабылданған шешімдер халық үшін баға тұрақтылығын қамтамасыз етіп, кәсіпкерлік ортаның дамуына оң ықпал етуі тиіс.

Суретті түсірген
Кирилл ВАСИЛЬЕВ

• ӨЗЕКТІ

Талапкерге талап күшейеді

Қазақстанда талапкерлерді іріктеу жүйесін жетілдіру мақсатында Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) форматына бірқатар өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Бұл туралы Премьер-Министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мәлімдеді.



Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Министрдің айтуынша, адам капиталға инвестиция жасау – мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі. Бұл бағыт Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған реформалардың негізін құрайды. Бүгінде әлем елдері білім беру жүйесін жаңғыртып, жаңа модельдер мен цифрлық шешімдерді енгізуде.

«Қазіргі таңда білім беру саласы тек білім берумен шектелмей, нақты дағдыларды меңгерген, еңбек нарығына бейімделген мамандарды даярлауға бағытталуы тиіс. Бұл – сапалы жаңа кезеңге көшу», – деді Аида Балаева.

Осыған байланысты талапкерлерді іріктеу жүйесінде, әсіресе, педагогикалық мамандықтарға қабылдау кезінде жаңа тәсілдер енгізілмек. Атап айтқанда, тестілеумен қатар арнайы емтихандарды қамтитын гибриді бағалау формасы қолданылады. Бұл тәсіл талапкерлердің тек пәндік білімін ғана емес, сонымен бірге, сыни ойлау, талдау және коммуникациялық дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, келесі жылдан бастап педагогикалық бағыт-

тарға түсу кезінде ҰБТ нәтижелерімен қатар ауызша емтихандар да ескерілімек. Бұл емтихандарда талапкерлердің оқуға дайындығы мен кәсіби бейімділігіне ерекше назар аударылады.

Министр сондай-ақ, ҰБТ-ны бір рет тапсыру форматына көшіру ұсынылып отырғанын атап өтті. Оның сөзінше, бұл шешім грант конкурсына қатысу кезінде әділ әрі объективті бағалауды қамтамасыз етуге бағытталған. Ал, талапкерлердің дайындық деңгейін тексеру үшін сынақ тестілеу жүйесі сақталды.

Бұдан бөлек, жоғары оқу орындарына Foundation бағдарламалары арқылы шартты қабылдау тәжірибесінен бас тарту жоспарлануда. Себебі, мұндай жүйемен қабылданған студенттердің сәуір бөлігі оқу барысында қажетті шекті баллды жинай алмайды.

«ҰБТ жүйесін өзгерту – тестілеуден бас тарту емес. Бұл – дарынды талапкерлерді анықтап, әділ іріктеуге бағытталған мұндай қадам», – деп қорытындылады Аида Балаева.

Жалпы, ұсынылып отырған өзгерістер білім беру сапасын арттырып, елдің ұзақ мерзімді дамуына негіз болады деп күтілуде.

Сурет Ұлттық тестілеу орталығынан

Өңдеуші сектордағы серпінді қадам

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында агроөнеркәсіп кешенінде өңдеуді күшейту міндетін нақтылаған болатын. Президент «Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет» деді. Сондай-ақ, Жолдауда ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу біз үшін болашағы зор бағыттар екенін атап өтілген болатын. Абай ауданында пайдалануға берілген заманауи ет өңдеу кешені дәл осы стратегиялық міндеттерге жауап береді.

Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаның жалпы инвестиция көлемі 800 млн теңге. Alisha Group компаниясы жүзеге асырған кешен салқындатылған және мұздатылған ет, консервілер мен вакуумда қапталған өнімдер шығаруға бағытталған. Кәсіпорынның жылдық қуаты 2400 тоннаға дейін жетеді. Алғашқы кезеңде 20 жаңа жұмыс орны ашылып, алдағы уақытта өндіріс ауқымына қарай штат санын ұлғайту көзделіп отыр.

Кешен құрамына мал сою пункті, ет өңдеу және консервілеу желісі, сондай-ақ, қой шаруашылығы фермасы кіреді. Тәулігіне мұнда 300-ге дейін ұсақ мал мен 50-ге дейін ірі қара еті өңделеді. Шикізат негізінен жергілікті фермерлерден сатып алынады. Бұл өз кезегінде аудан шаруашылықтарының тұрақты табыс табуына мүмкіндік берсе, ал, болашақта кәсіпорын



Жобаның жалпы инвестиция көлемі 800 млн теңге. Alisha Group компаниясы жүзеге асырған кешен салқындатылған және мұздатылған ет, консервілер мен вакуумда қапталған өнімдер шығаруға бағытталған. Кәсіпорынның жылдық қуаты 2400 тоннаға дейін жетеді. Алғашқы кезеңде 20 жаңа жұмыс орны ашылып, алдағы уақытта өндіріс ауқымына қарай штат санын ұлғайту көзделіп отыр.

өз мал басын дамыту арқылы өндірістік циклді толық қамтуды жоспарлап отыр.

Компания басшылығының мәліметінше, кәсіпорын алғашқы кезеңнен халықаралық талаптарға сай жұмыс істеуге бағытталған. Түрік өндірісінің екі тәуелсіз желісі орнатылып, өнімдер халал стандарттарына және халықаралық азықтүлік қауіпсіздігі талаптарына толық сәйкес келеді. Бұл өз кезегінде Қазақстан на-

рығымен шектелмей, өнімді Парсы шығанағы елдеріне, Еуропаға және Қытайға экспорттауға жол ашады.

Кәсіпорынның орналасу орны да стратегиялық тұрғыдан тиімді. Абай ауданында шикізат базасы жеткілікті, фермерлермен байланыс жолға қойылған, ал, қалаға жақын орналасуы логистика мен кадр мәселесін оңтайлы шешуге мүмкіндік береді.

Жаңа өндіріс орнымен танысқан об-

лыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңдеуші өнеркәсіпті дамыту – өңірдің негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, мұндай жобалар жаңа жұмыс орындарын ашып қана қоймай, экономиканың тұрақтылығын арттырып, өңірдің инвестициялық тартымдылығын күшейтеді. Сонымен қатар, өндірісті кеңейтіп, жаңа нарықтарға шығу қажеттігі де ерекше атап өтілді.


Алдағы кезеңде кәсіпорында өндірісті ұлғайту және етті терең өңдеу бағытын іске қосу жоспарланып отыр. Бұл өнім түрлерін көбейтіп, өндіріс жүктемесін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта 500 бас ірі қара мен 3000 бас ұсақ малға арналған бордақылау алаңын, терең өңдеу кешенін салуға қажетті құжаттар дайындалуда.



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Жалпы, Абай ауданында іске қосылған бұл жоба – агроөнеркәсіп кешенін дамыту арқылы өңір экономикасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды бастама. Мемлекеттік саясатпен үйлескен мұндай өндірістер елдің экспорттық әлеуетін арттырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді игеруге жол ашады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Оқырманды биік талғамға жетелейміз»

Қазіргі қазақ кітап нарығында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып үлгерген «Qasym kitar» баспасы – аз уақыт ішінде оқырман қауымының сеніміне ие болған бірегей жоба. Белгілі кәсіпкер Ерлан Әшімнің бастамасымен 2019 жылы негізі қаланған баспа бүгінде қазақ және әлем әдебиетінің 180-нен астам таңдаулы туындысын басып шығарды. Бірнеше қалада кітап дүкендері мен оқырман клубтарының желісін құрған бұл жоба оқырман мен руханият арасын жалғаған тұтас мәдени кеңістікке айналып отыр. Осы орайда баспаның редакторы Гүлдана Қуатқызымен аз-кем әңгімелескен едік.

– Гүлдана Қуатқызы, бүгінде «Qasym kitar» атауын тек баспа емес, көпшілік жиналалар мәдени орта ретінде танытындар көп. Кітап дүкенін еркін оқырман кеңістігімен, пікір алмасу алаңымен ұштастыру идеясы өзін толық ақтады деп сеніммен айта аламыз. Бүгінде біздің дүкендерімізде оқырман клубтары жұмыс істеп, авторлармен, акын-жазушылармен кездесулер, түрлі рухани іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

Баспаның негізгі миссиясына келсек, қазақ және әлем әдебиетінің үздік классикалық туындыларын қазақ тілінде қолжетімді етіп ұсыну, ана тіліміздің байлығын насихаттау және ұлттық мәдени мұраны сақтау. Біз көркем әдебиет, балалар әдебиеті, әлем әдебиетінің таңдаулы аудармалары арқылы қоғамның зияткерлік дамуына үлес қосуды, жаңа буынның кітапқа қызығушылығын арттыруды мақсат тұтамыз. Осы жолда сапалы басылым, қолжетімді баға, оқуға ыңғайлы формат пен мазмұндық құндылықты қатар ұстанып келеміз.

– Нарық заңы қатал. Бүгінгі құбылмалы сұраныс пен коммерциялық мүдде алға шыққан заманда «Qasym kitar» үшін не бірінші орында? Кітаптың өтімділігі ме, әлде оның әдеби-көркемдік салмағы ма?

– Әрине, нарық заңын мүлде елемейміз. Кез келген баспа үшін оқырман сұранысы да, кітаптың өтімділігі де маңызды. Алайда, біз үшін бірінші орында – әдеби сапа мен мазмұндық құндылық. Өйткені, баспаның беделі де, оқырман сенімі де ең алдымен, сапалы кітап арқылы қалыптасады.

«Qasym kitar» осы жылдар ішінде өз бағытын айқындап, қазақ және әлем әдебиетінің таңдаулы туындыларын ұсынуға ден қойды. Бұл жерде бір сөттік сұранысқа ғана емес, ұзақмерзімді рухани қажеттілікке қажетті мән береміз. Коммерциялық табыс маңызды болғанымен, ол көркемдік деңгейден төмен тұрмауы керек деп есептейміз. Ең тиімді жол – осы екеуінің тепе-теңдігін табу, яғни, оқырманға сапалы әрі оқылатын кітап ұсыну. Біздің ұстанымымыз да осы.

– Бүгінгі қазақ оқырманының талға-

мы қаншалықты өсті? Қазір нарықта қай жанрлар трендте, ал қай бағыттардың оқырманы сиреп барлады?

– Иә, соңғы жылдары қазақ оқырманының талғамы айтарлықтай өсті деп сеніммен айтуға болады. Қазіргі жалпы сұраныста психология, мотивациялық әдебиет, заманауи

Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

проза, тарихи романдар алдыңғы қатарда тұр. Ал, классикалық, терең философиялық шығармаларға сұраныс салыстырмалы түрде бәсеңдеу екені байқалады. Дегенмен, бұл классикаға қызығушылық жоқ деген сөз емес. Керісінше, біздің баспадан шығатын классикалық қазақ және шетел әдебиеті туындыларының да өз тұрақты оқырман қауымы қалыптасып келеді. Бүгінгі оқырманның кітап таңдауына әлеуметтік желі, подкаст, оқырман пікірі секілді факторлар да қатты әсер етеді. Көпшілік кейде достары ұсынған, кейде желіден естіген кітаптарын арнайы іздеп келіп сатып алады.

Бүгін жеңілдеу кітаптан бастаған адам ертең әдебиет жауһарларына қарай ойысады. Сондықтан, «Qasym kitar» жылдар мен ғасырлар сүзгісінен өткен, көркемдік биігі кемелденген туындыларды іріктеп шығарып, оқырманды сол биікке жетелеуді мақсат етеді.

– Сөрелеріңізде төл әдебиет пен әлемдік жауһарлар қатар тұр. Бүгінгі жас оқырман қайсысына көбірек бүйрек бұрады. Шетелдік бестселлерлерге ме, әлде өз авторларымызға ма?

– Қазіргі оқырманды бір ғана бағытпен шектеу қиын. Бүгінгі буын екі арнаны да қатар тұтынып келеді деуге болады. Әсіресе, жастар арасында шетелдік бестселлерлердің қазақша аудармасына сұраныс жоғары. Олар әлемдік әдеби үдерістен қалып қалмай, өзіне жақын, көп айтылып жүрген шығармаларды ана тілінде оқығысы келеді. Бұл – өте табиғи үрдіс.

Сонымен бірге, соңғы жылдары қазақ авторларына деген қызығушылықтың да айтарлықтай көбейгені байқалады. Оқырман енді тек сұрыптан келген танымал атауларға ғана емес, өз әдебиетіміздің



көркемдік қуатына, ұлттық болмысын бердерлейтін туындыларға да ден қоя бастады.

– Қазір кітап аудару ісі жанданып келеді, бірақ, сапа мәселесі жиі сығға ұшырайды. «Qasym kitar» әлем әдебиетін қазақша сөйлетуде қандай талап қояды? Түпнұсқаға адалдық пен тіл тазалығын қалай үйлестіріп жүрсіздер?

– Аударма – өте жауапты әрі нәзік жұмыс. Біз үшін ең басты талап – түпнұсқаның мағынасы мен рухын жоғалтпау, сонымен бірге оны қазақ тілінің табиғатына сай, көркем әрі табиғи жеткізу.

«Qasym kitar» бұл бағытта бұрынғы сапалы аударма мұрасын да қадірлейді. Баспадан жарық көрген кітаптардың бірқатары өткен ғасырдың 50-80 жылдары тәржімаланған туындыларға сүйенеді. Сол кезеңде Құрманбек Сағындықов, Заманбек Әблешов, Қайрат Жұмағалиев, Бекболат Әдетов секілді аудармашылар шетел әдебиетін қазақша сөйлетіп, үлкен мектеп қалыптастырды. Ал, баспаның қазіргі негізгі аудармашыларының бірі – жазушы, акын, драматург Кенжебай Ахметов. Толстойдың «Өліп-тірілуі», Булгаковтың «Ит жүрегі», Гогольдің «Петербург повестері», Геродоттың «Тарихы» секілді күрделі шығармалардың қазақша сапалы жетуінде мұндай мамандардың еңбегі айрықша.

Біз бұрынғы аудармаларды жариялағанда да аудармашы қолтаңбасына құрметпен қараймыз.

– Цифрлық форматтар қағаз кітапты тықсырып бара жатқандай көрінеді. Аудиокітап пен электронды нұсқалар салтанат құрған заманда дәстүрлі кітаптың өміршеңдігіне сенесіз бе?

– Иә, бүгінде аудиокітап пен элек-

тронды форматтардың кең таралып келе жатқаны рас. Бұл – уақыттың, технологияның талабы. Адамдар қазір ақпаратты әртүрлі арна арқылы қабылдайды, сондықтан, кітаптың цифрлық форматта таралуы – заңды құбылыс. Бірақ соған қарап қағаз кітап өз құндылығын жоғалтады деуге келмейді. Кітапты қолға ұстап оқу, парағын ақтару, иісін сезіну, өзіне керек тұсын белгілеп, қайта оралып оқу – мұның бәрін электронды формат толық алмастыра алмайды. Көп оқырман үшін кітап – сөреге жиналатын дүние ғана емес, өмірінің бір бөлшегі, рухани серігі.

Сондықтан, болашақта бұл форматтар бір-біріне қарсы емес, қатар дамиды деп ойлаймын.

– Елімізде кітап оқу мәдениетін жаппай көтеру үшін мемлекет, мектеп, кітапхана және баспа қай тұстан бірлесуі керек? Сіздіңше, біздің ең осал тұсымыз қайсы?

– Егер бір ғана шешім қабылдау мүмкіндігі берілсе, мен ең алдымен, мектептен бастар едім. Өйткені, оқу мәдениеті адамның бойында ең әуелі балалық шақта қалыптасады.

Біздіңше, ең маңыздысы – балалар мен жасөспірімдерге заманауи, қызықты, тартымды оқу ортасын ұсыну. Кітапты міндет, тапсырма, бақылау құралы ретінде емес, еркін таңдау мен рухани ләззаттың көзі ретінде таныта білу қажет.

Егер осы ұстаным мектептен бастап, жүйелі түрде орнықса, кітапхана да, баспа да, мемлекет те соған сай өз міндетін тиімді атқара алады. Сонда ғана біз кітап оқуды нағандық шара емес, күнделікті мәдени дағдыға айналдыра аламыз. Бұл – кітап оқу мәдениетін көтерудегі ең басты бағыт деп есептеймін.

– Көптен-көп рақмет. Баспа ісі ілгерілей берсін!

**Сұхбаттасқан
Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Кемелдікке бастар жол

(Соңы. Басы 1-бетте).

Осы оқылқықтың орнын толтыру мақсатында елімізде кітап оқу мәдениетін жандандыру жұмыстары мемлекеттік деңгейде қолға алынды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық Құрылтайда бұл мәселеге арнайы тоқталып, жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын ояту қажеттігін айтты.

Былтыр қолға алынған «Кітап оқитын ұлт» жобасы. Еліміздің үш өңірінде, атап айтқанда, Қарағанды және Қостанай облыстарында, сондай-ақ, Шымкент қаласында іске асырылды. Пилоттық жобаның қорытындысы бойынша Қарағанды облысы ерекше нәтиже көрсетті. Аймақта 67 824 қатысушы тіркеліп, абсолюттік рекорд орнады.

Арнайы құрылған Жобалық кеңсе тек қала орталықтарымен шектеліп қалмай, шағлай ауылдар мен аудандарға дейін жетіп, ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Цифрлық кеңістікте де жоба қызу насихатталды. Instagram және Telegram әлеуметтік желілерінде «Кітап Battle», «Кітап News», «Ой-тұжырым» секілді тақырыптық айдарлар ашылып, олар біртіндеп зияткерлік ортаға айналды.

Жоба алты негізгі бағытты қамтыды. Соның ішінде, «Оқитын мектеп» бағытына 30 534 адам қатысса, «Оқитын педагог» бағытына 17 002 адам тіркелді. «Оқитын әулет» бағыты 10 987 қатысушыны біріктірсе, «Оқитын колледж» бойынша 4 788 адам қамтылды. Ал, «Оқитын университет» бағытына 3 074 адам, «Оқитын мемлекеттік қызметші» бағытына 1 439 адам қатысты.

Байқаудың шарты бойынша қатысушылар белгіленген 15 шығарманы оқып, электронды оқырман күнделігін жүргізуге, алған әсерімен бөлісіп, шығармаға талдау жасады. Одан кейін тестілеу және облыстық деңгейдегі зияткерлік куиз ұйымдастырылды.

Бұл бастаманың баянды болуы – берілген қомақты қаржы мен құрғақ статистикада емес. Ең маңыздысы, жоба қоғамда кітапқа деген шынайы ықыласты оятып, ұрпақтар сабақтастығын нығайтты.

Мәселен, Теміртау қаласындағы «Озат» мамандандырылған лицейінің оқушылары ұстаздарымен бірлесіп, байқауға енген кітаптардың электронды нұсқаларын ортақ платформаға жинақтады. Онымен қоса, бұл еңбектерін ағаштан қашалған символикалық кітап түрінде безендіріп, креативті көзқарас танытты.

Ал, Қарқаралы ауданының Томар ауылындағы №22 мектепті 1973 жылы бітірген 13 түлек өзара қаражат жинап, ауыл балалары арасында «Үздік оқырман» байқауын ұйымдастырды. Сол сияқты Сарыбалы ауылындағы шаруа қожалығының жетекшісі Ұлан Райымбек бастаған белсенді азаматтар жоба аясындағы кітаптар жинағын ауыл кітапханасына тарту етті.

«Кітап оқитын ұлт» жобасы ресми түрде мәресіне жеткенімен, оның қоғамға берген серпіні әлі талай уақытта жалғасары анық. Өйткені, кітап – сан түрлі буын мен мамандық иелерін біріктіретін мызғымас рухани дінге.

Суреттер Бұқар Жырау ауданы әкімігінінен

• МӘСЕЛЕ

«Әдеби аялдама» қайда қалды?

Аймақта кітап оқуды насихаттауда түрлі іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Алайда, соңғы жылдары қоғамда кеңінен талқыланған «Жылжымалы кітапхана», «Әдеби аялдама» және QR-код арқылы кітап оқу жобалары өңірде жеке жоба ретінде ресми түрде іске асырылмаған. Соған қарамастан, бұл бағыттағы жұмыстар кітапханалардың ағымдағы қызметі аясында жалғасып отыр.

**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Бүгінде өңірде кітапхана қызметі халыққа қолжетімділікті арттыруға бағытталған. Кітапханалар тарапынан оқырмандарды тарту, олардың қызығушылығын ояту мақсатында түрлі мәдени-ағартушылық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, әдеби кездесулер, танымдық шаралар, көпшілік форматтағы акциялар арқылы кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға басымдық беріледі. Кітап оқуды



заманауи форматта насихаттауға бағытталған жекелеген бастамалар да бар. Дегенмен, олар толыққанды, жүйелі жоба деңгейіне жетпеген. Бұл өз кезегінде аталған бағыттағы жұмыстардың негізінен

акция немесе уақытша шара ретінде жүзеге асырылып отырғанын көрсетеді.

Бұл бағыттағы жұмыстар не-

гізінен кітапханалардың өз мүмкіндіктері шеңберінде жүзеге асырылып отыр. Ал, басқа салалармен, әсіресе көлік және цифрлық технологиялар бағытындағы өзара іс-қимыл толық жүйеге түспеген. Мұндай үйлесімнің болмауы «Әдеби аялдама» немесе QR-код арқылы кітап оқу сияқты жобалардың кең ауқымда дамуына келергі келтіреді. Осыған байланысты алдағы уақытта кітап оқуды насихаттау жұмыстарын жүйелеу қажеттілігі туындап отыр. Жаңа форматтағы

бірі ретінде қарастырылу.

Осы мәселеге қатысты Н. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының облыс кітапханаларын дамыту бөлімінің басшысы Ақерке Рашева аталған бағыттағы жұмыстарға тоқталып өтті.

– Қарағанды облысында кітап оқуды насихаттау бағытында бірқатар жұмыстар жүргізіліп келеді. Дегенмен, «Жылжымалы кітапхана», «Әдеби аялдама» және QR-код арқылы кітап оқу жобалары өңірде жеке жоба ретінде ресми түрде іске асырылған жоқ. Соған қарамастан, осы бағытта кітапхана қызметін кеңінен танытуға және оқырмандарды тартуға арналған мәдени-ағартушылық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылу. Аталған бастамаларды жүзеге асыру барысында ірі инфрақұрылымдық қиындықтар тіркелген жоқ. Алайда, жобалардың жүйелі форматта енгізілуіне байланысты материалдық-техникалық база мен цифрлық ресурстарды дамыту қажеттілігі байқалады. Бұл бағыттағы іс-шараларға арнайы бюджет қарастырылмаған, олар негізінен кітапханалардың ағымдағы қызметі аясында жүзеге асырылып отыр.

Жалпы алғанда, атқарылған жұмыстардың нәтижелілігі оқырмандардың қатысу белсенділігі, өткізілген іс-шаралар саны және кітапханаға келушілер көрсеткіштері арқылы бағаланады. Бүгінде халықтың кітап оқуға қызығушылығының артқаны байқалады. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелеп, жаңа форматтағы жобаларды кезең-кезеңімен енгізу жоспарланып отыр, – деді маман.

«Жылжымалы кітапхана», «Әдеби аялдама» және QR-код арқылы кітап оқу секілді бастамалар да жекелеген акциялар деңгейінде іске асуда. Негізгі мәселелер қатарында арнайы қаржыландырудың болмауы, материалдық-техникалық және цифрлық мүмкіндіктердің шектеулілігі, сондай-ақ, салалар арасындағы үйлесімді жұмыстың жеткіліксіздігі бар. Соған қарамастан, халықтың кітап оқуға деген қызығушылығының артуы байқалады. Сондықтан, алдағы уақытта бұл бастамаларды жүйелеп, тұрақты жобаларға айналдыру және заманауи технологияларды тиімді пайдалану маңызды болып отыр.

Қауіпсіздік мәдениеті

Қарағанды облысында «кәсіптік аурулар» мен жарақаттану деңгейі екі есеге азайған. Ғұмыры ұзарған кеншілер кәсібіне кейіс білдірмейді бүгін. Өйткені, көмір мен өмір өндірістің өңірі үшін егіз ұғым. Қара алтын миллиондаған қазақстандықтарды жылуден қамтамасыз ететінін ескерсек, ондаған жылдар бойы атаулы салада жазатайым жайттардың болғандығын тарих парктары жасырмайды.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент пәрмені

— Қазақстанда кен өндіру өнеркәсібі жақсы дамығаны баршаңызға белгілі. Осы сала ұлттық экономиканың өсімін қамтамасыз ететін сенімді табыс көзі болып келеді. Болашақта да солай болуға тиіс. Көптеген металдың әлемдік нарықтағы бағасы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Соған қарамастан ірі өндіріс орындарына жақын тұратын жұрттың наразылығы күшейіп барады. Олар экология нашарлап, денсаулыққа зиян келтіріп жатқанын айтып, шағымдануда. Жұмысшылардың өндірісте мертігуі және қазаға ұшырауы көп болып кетті. Үкімет кәсіпорындардың технологиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауы қажет. Сондықтан ірі өндіріс кәсіпорындары 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы керек. Бұл талап инфрақұрылым саласындағы кәсіпорындарға да қойылуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында.

2023 жылғы қазанда 46 кеншінің өмірін қиған Костенко атындағы шахтадағы метан жарылысынан өрбіген оқиға қалай ұмытыла қойсын. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамашылығымен алдыменен меншік иесі ауысты. Қадағалау функциялары кілт өзгертілді. Өндірісте қауіпсіздікке бұрын-соңды болмаған көлемде инвестиция құйылды. Иә, бас басымдық қашанда адам өмірі болмақ.

Кейінгі екі жыл ішінде жағдай түбегейлі өзгерді. Qatmet компаниясы көмір өндіруді жаңғыртуға шамамен 500 миллион доллар инвестиция құя бiлдi. Қазақстандық көмір саласының 90 жылдан астам тарихында мұндай қомақты қаражат алғаш рет мақсатты түрде қауіпсіздікке бағытталып отыр. Компания 2028 жылға дейінгі стратегиялық жоспарды («5-9-5») әзірлеп үлгерген. Ол дегеніміз — 5 млн тонна болат, 5 млн тонна темір рудасы концентраттары және 9 млн тонна көмір. Жалпы инвестиция көлемі — шамамен 3,5 млрд доллар.

«Кәсіптік сырқат» демекші, аймақта сырқат салдарынан 2024 жылғы 232 жағдайдан 2025 жылы 102 жағдайға дейін кемігендігі айғақталды. Шахтердің негізгі кәсіптік сырқаты радикулпатия және остеоартроз екендігі белгілі. Дәрігерлер тарабы мұндай көрсеткіштерді де айтарлықтай төмендету мүмкін болғандығын растайды. 2024 жылы өндірістік жарақаттану 19,2 %-ға азайып, зардап шеккендер саны 401 адам болған-тың. Қаза тапқандар саны үш есеге — 23 адамға дейін қысқар-



— Өнеркәсіпті дамыту қорымен ынтымақтастық шеңберінде 2026 жылдың наурызында Qatmet металлургия комбинатында заманауи диагностикалық жабдық — RDI Technologies компаниясының Intellinova Parallel EN және Iris M жүйелері пайдалануға берілді. Бұған дейін жоғары дәлдіктегі диагностика жүргізу үшін үшінші тарап ұйымдары тартылатын. Алайда, енді компания өндірістік процестерді тоқтатпай, жабдықтың жай-күйін кешенді бағалауға өзіндік құзыретке ие болды.

ды. Тау-кен өндіру саласында 187 жағдай (жалпы санның 46,6 %-ы) тіркелді. Топтық апаттар да кілт азая бастады.

Қауіпсіздік қабаты

Қазыналы Қарағандыда өндіріс қуаты аршындап өсіп келеді. Былтыр елімізде 115,9 млн тонна көмір өндірілді. Алдыңғы жылмен салыстырғанда 7%-ға артық өнім өндірілген. Qatmet компаниясы 2024 жылдың мамырында болат өндіруден бес жылдық рекорд жаңартты. Бұған биылғы өңірде Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕУ) қолдауымен тау-кен өндірісіндегі еңбекті қорғау бойынша өңірлік оқыту бағдарламасы сеңгестіп келеді.

Қауіпсіздік қалқаны дерлік жұмыс шарттарының едәуір жеңілдеуіне не себеп болды. Токталып қоралық. Шахтаның шаруасын шаша шығармас ету әсте оңай реформа болмаса керек-ті. Qatmet және өзге де «Шұбаркөл Көмір», «Алтыналмас» сынды қабырғалы кәсіпорындар өндірістік саланы белсенді түрде цифрландыруға жең түрініп кірісті. Мәселен, Орталық диспетчерлік пункт — жер асты және жер үсті жұмыстарының, газ датчиктері мен өрт сөндіру жүйелерінің деректерін нақты уақыт режимінде жинайтын бірыңғай талдау кешені істі ілкімді қыла алды. Кеншілерді позициялау жүйесі өткен жыл соңына дейін барлық шахтада орнатылды. Шамдар мен қазбалардағы датчиктер кез келген тереңдіктегі әрбір кеншіні көруге және онымен байланысуға мүмкіндік береді.

Азотты мембралық қондырғылар — Қазақстанның көмір саласындағы алғашқы жаңалық. «Қазақстан» шахтасында олар оттегін азотпен (концентрациясы 97-99 %) алмастыру арқылы эндогендік өрттердің алдын алады. Бұл қондырғының өнімділігі кәдімгі құтқару жасақтарынан үш есе жоғары. Инновациялық жабдықтарға келсек, газ анализаторлары бар жарылысқа төзімді смартфондар, конвейерлерді

бақылаудың «ақылды» жүйелері, жұмысшылардың денсаулығын нақты уақытта бақылайтын электронды жүйелер іске сәтмен қосылған.

— Өнеркәсіпті дамыту қорымен ынтымақтастық шеңберінде 2026 жылдың наурызында Qatmet металлургия комбинатында заманауи диагностикалық жабдық — RDI Technologies компаниясының Intellinova Parallel EN және Iris M жүйелері пайдалануға берілді. Бұған дейін жоғары дәлдіктегі диагностика жүргізу үшін үшінші тарап ұйымдары тартылатын. Алайда, енді компания өндірістік процестерді тоқтатпай, жабдықтың жай-күйін кешенді бағалауға өзіндік құзыретке ие болды. Осы шешімдерді енгізу агрегаттарды нақты уақыт режимінде егжей-тегжейлі диагностикалауға, ауытқуларды анықтаудың жеделдігі мен дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді, — деп атап өтті Qatmet жабдықтарының техникалық диагностикасы және сенімділігі бөлімінің басшысы Сергей Кван.

Бұл шаралар нәтиже беруде. Екі жыл бұрын Костенко шахтасында түгін шығу оқиғасы жаңа жүйелер мен персоналдың үйлесімді жұмысының арқасында ешқандай шығынсыз жедел жойылды. Сол сәтте жер астында 194


Көмір мен жынысты бөлу ауа ағынындағы тығыздық айырмашылығы арқылы жүзеге асады. Бұл экологиялық қауіпсіздікті арттырады, шығындарды азайтады және климаттық жағдайға қарамастан жабдықтың тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді

адам болған. Адам өмірі — басты құндылық десек, өлім-жітім мен кәсіптік аурулардың азаюы білікті кадрларды сақтауға мүмкіндік береді. Кеншілер өздеріне деген қамқорлықты сезініп, жұмысқа ынтыса артады. Экономикалық тиімділік тұрғысында да түрлі өндірістік кідірістер, өтемақылар да едәуір азайғанын атап өтпегіміз ләзім.

Тың тәсіл тиімді

Қарағанды көмір бассейнінде өндірістік тыныс жаңаша серпін алды. Qatmet компаниясының шахталарында бұрын-соңды болмаған технологиялық жаңғыру жүріп жатыр. Көмірді құрғақ байытуға арналған заманауи кешендер бір мезетте төрт нысанда бой көтеруде. Бүгінде «Шахтинск», «Қазақстан», «Абай» және Т.Күзембаев атындағы шахталарда құрылыс жұмыстары қарқын алған. Кенші алаңдарында ауыр техника тынымсыз қозғалыста, монтажшылар мен инженерлер жаңа дәуірдің өндірістік инфрақұрылымын қалыптастыру үстінде. Әр нысанда орнатылып жатқан кешендер көмірді жер астынан шыққан сәттен бастап-ақ сапалық іріктеуден өткізуге жағдай жаратуда.

Жобаның түпкі мақсаты — көмірді байыту процесін жер үстіндегі ұзақ әрі шығынды кезеңдерге жеткізбей, өндірістің өз ішінде онтайландыру. Құрғақ



— суды мүлде қажет етпейтін ауа арқылы бөлу әдісі. Дәстүрлі байыту тәсілдерінен айырмашылығы, бұл жүйе көмірді тығыздық пен аэродинамикалық қасиеттері бойынша ажыратады. Яғни, ауыр жыныстар мен пайдалы көмір фракциялары ауа ағыны арқылы бөлінеді. Мұндай шешім өндірісте су тұтынуды нөлге жуық деңгейге түсіріп қана қоймай, қалдық сулар мәселесін де жояды. Нәтижесінде, жаңа кешендер көмір байыту тәсілін түбегейлі өзгертетін технологиялық серпіліске айналуға мүмкіндік береді. Олар пайдалану шығындарын қысқартып, өндірістің экологиялық ізін азайтып, Қарағанды көмір алабындағы индустриалық мәдениеттің жаңа стандартын қалыптастыруға жол ашады.

— Бұл технологияның негізгі қағидасы — судан толық бас тарту. Көмір мен жынысты бөлу ауа ағынындағы тығыздық айырмашылығы арқылы жүзеге асады. Бұл экологиялық қауіпсіздікті арттырады, шығындарды азайтады және климаттық жағдайға қарамастан жабдықтың тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді, — деді «Шахтинск» шахтасының күрделі құрылыс жөніндегі бас инженері орынбасары Василий Барабанов.

Экологиялық аспектілерге ерекше назар аударылған: суды пайдаланудың болмауы сұйық қалдықтардың пайда болуын болдырмайды, ал бөлінген жыныс қосымша өңдеусіз-ақ қауіпсіз түрде үйіндіге жіберіледі.

— Біз көмірдің күлділігін төмендетіп, соның есебінен «Восточная» орталық байыту фабрикасының тиімділігін арттырамыз. Өңдеуге бұдан да сапалы шикізат түсетін болады, — деп қосты Василий Барабанов.

Кешендерге арналған жабдықтар жеткізілген және қазір-

гі уақытта кендік рәсімдеуден өтуде. Алдағы уақытта қызметкерлер жабдықтаушы компания өкілдерінің қатысуымен арнайы оқытудан өтеді. Жобаны жүзеге асыру Qatmet компаниясының көмір өндіру активтерінің үйлесімді жаңғыртудың бір бөлігі болып табылады. Компания заманауи технологияларды кезең-кезеңімен енгізу арқылы өндіріс өнімділігін, қауіпсіздігін және экологиялық стандарттарды арттырып, кәсіпорынның да, тұтас саланың да тұрақты дамуын қамтамасыз етуде.

Тізгіңтартар

...Көмір үйді жылытты, металл балқытты, елді алға сүйреді. Бүгінде бір нәрсе өзгеріп жатыр. Шахтер өз кәсібіне қайтадан мақтанышып қарай алады. Ал, оның отбасы отағасын үйінде қорықпай күтеді. Бәлкім, ең басты реформа да осы шығар. Асылы, есе қайтқан екі жыл — жеңіс туралы айту үшін тым қысқа мерзім болар. Бірақ бағыттың дұрыстығын айту үшін жеткілікті уақыт. Жарақаттанудың азаюы туралы цифрлар, қауіпсіздікке салынған инвестициялар, байытудың жаңа технологиялары — мұның бәрі әсте мәре емес, бастапқы нүкте. Ең бастысы, еңбек адамына деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Өйткені, адам өмірі кез келген миллиардтардан да қымбат.

Суреттер «Qatmet» компаниясының баспасөз қызметінен



Көмірді байытудың жаңа кезеңі

Қарағанды облысындағы шахталарда көмір сапасын арттырудың жаңа кезеңі басталды. Атап айтқанда, Qatmet компаниясы көмірді суды пайдаланбай, ауа арқылы байытатын заманауи технологияны енгізуде. Бұл өндірістің тиімділігін арттырып қана қоймай, экологиялық жүктемені айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Салтанат І.ШЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба бірден төрт шахтада — «Шахтинск», «Қазақстан», «Абай» және Т.Күзембаев атындағы кеніштерде жүзеге асырылуда. Негізгі мақсат — көмірді өндіру сатысында-ақ сапасын жақсартып, оны әрі қарай өңдеуге барынша дайын күйде жеткізу.

Жаңа кешендер толық циклді қамтитын шағын байыту қондырғыларынан тұрады. Яғни, шикізатты беру мен ұсатудан бастап, байыту және дайын өнімді қоймаға жеткізуге дейінгі барлық процесс бір жүйеге біріктірілген. Әр кешеннің өнімділігі сағатына шамамен — 300 тонна. Сондай-ақ, жоғары деңгейдегі автоматтандыру өндірістің тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Жобаның басты ерекшелігі — көмірді байытуда судан толық бас тарту. Технология ауа ағынындағы тығыздық айырмашылығына негізделген. Бұл әдіс өндіріс тәсілін түбегейлі өзгертіп, шығындарды азайтуға және қоршаған ортаға түсетін салмақты төмендетуге жол ашады.

«Бұл технологияның негізгі қағидасы — судан толық бас тарту. Көмір мен жынысты бөлу ауа ағынындағы тығыздық айырмашылығы арқылы жүзеге асады. Бұл экологиялық қауіпсіздікті арттырады, шығындарды азайтады және климаттық жағдайға қарамастан жабдықтың тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді», — дейді «Шахтинск» шахтасының күрделі құрылыс жөніндегі бас инженері орынбасары Василий Барабанов.

Экологиялық аспектілерге де айрықша мән берілген. Суды пайдаланбау сұйық қалдықтардың түзілуін болдырмайды, ал бөлінген жыныс қосымша өңдеусіз қауіпсіз түрде үйіндіге жіберіледі. Сонымен қатар, бұл тәсіл көмірдің күлділігін төмендетіп, орталық байыту фабрикаларының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта кешендерге қажетті жабдықтар жеткізіліп, кендік рәсімдеуден өтуде. Алдағы кезеңде қызметкерлер арнайы оқытудан өтіп, жаңа технологияны меңгереді.

Жалпы, аталған жоба көмір өндірісін жаңғыртуға бағытталған стратегиялық қадамдардың бірі. Заманауи технологияларды енгізу арқылы өндірістің шахталардың бәсекеге қабілеттілігі артып, өнім сапасы жаңа деңгейге көтеріледі. Сонымен қатар, бұл бастама өнеркәсіптің экологиялық жауапкершілігін күшейтіп, көмір саласының тұрақты дамуына негіз қалайды.

Бұдан бөлек, жаңа технологияларды енгізу өндірістік процестерді онтайландырып, еңбек қауіпсіздігін арттыруға да ықпал етеді. Автоматтандыру деңгейінің жоғары болуы адам факторын азайтып, тәуекелдерді төмендетеді. Бұл өз кезегінде жұмысшылар үшін қауіпсіз әрі тұрақты еңбек жағдайын қалыптастырып, саланың заманауи талаптарға сай дамуына жол ашады.



Қоғам таңдауы – тазалық

Көктем келіп, жер аяғы кеңіген шақта қала тұрғындарының аула тазалауды дағдыға айналдырғаны қуантады. Бұл – қоғамда экологиялық мәдениетінің қалыптасып келе жатқанының айқын көрінісі. Осы игі бастамадан Әлихан Бөкейхан ауданы әкімдігі де тыс қалып отырған жоқ. «Таза Қазақстан» акциясы аясында үнемі тазалық жұмыстарын жүргізіп келеді. Бүгінде «Қазақстанның 50 жылдығы» көшесінде ауқымды сенбілік жасап, қоқыстан тазартты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан аумағындағы тазалық жұмыстарын жүйелі жүргізу үшін нақты инфрақұрылым да ескерілген. Жалпы ұзындығы 420 шақырымды құрайтын автомобиль жолдары мен 185 шақырым жаяу жүргіншілер жолын күтіп ұстау – күн тәртібіндегі басты міндеттің бірі. Бүгінде осы аумақтарды тазарту жұмыстарына 10-нан астам мердігер ұйым жұмылдырылды. Қар ерігеннен бергі аралықта ауданнан сегіз мың тоннадан астам қоқыс шығарылған.

Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес аудан көлемінде тазалық жұмыстары жүйелі түрде басталды. Қауіпсіздік талаптары қатаң сақталып, ағаштарды штабтық кесу, ірі көлемді және кездейсоқ қоқыстарды шығару, жол жабынын жуу, жол жиегін ретке келтіру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, көше жарық шамдары тексеріліп, қажет болған жағдайда



ауыстырылып жатыр, – деді Әлихан Бөкейхан ауданының әкімі Досбол Құлекеев.

Сонымен қатар, аудан әкімі аталған акция аясында тұрғындардың белсенділігін арттыру мақсатында «Үздік аула» байқауының да өткізіліп жатқанын атап өтті. Бұл бастама аула тазалығына бейжай қарамайтын тұрғындарды ынталандырып, ортақ мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Байқауға көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындары, жеке секторда тұратын азаматтар да қатыса алады. Бұл жұмыстар тек акция аясында ғана емес, ең алдымен, өзіміз үшін атқарылып жатыр. Бұл – ортақ мәдениет. Жыл сайын үздіктерді анықтап, арнайы марапаттаймыз. Бағалау кезінде аула тұрғындарының ұйымшылдығы



мен тазалыққа деген көзқарасы басты назарға алынады. Сондықтан, барша тұрғындарды осы игі бастамадан қалыс қалмауға шақырамын. Тазалықты сақтау – әрбір азаматтың міндеті, – деді Досбол Батырбекұлы.

Тазалық жұмыстарына тартылған «Жилкомхоз» ЖШС қызметкерлері екі ауысымда еңбек етуде. Осыған сәйкес, жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында арнайы техникалар да екі бағытқа бөлініп, тәулік бойы үздіксіз қызмет көрсетуге жұмылдырылған.

Қар ерігеннен бері біз екі ай бойы күшейтілген режимде екі

ауысыммен жұмыс істеп келеміз. Бірінші ауысым қызметкерлері күн сайын таңғы сағат 5:00-ден бастап, жолдарды сыпырып, су себу жұмыстарын бастайды. Көлік қозғалысына кедергі келтірмеу үшін жұмысқа ерте кіреді. Ал, екінші ауысымдағылар МТЗ тракторларының көмегімен көшелерді тазалау жұмыстарын жалғастырады. Жалпы, біздің жұмыс екі кезеңге бөлінген. Алғашқы кезеңге қар еріген соң жасалатын жұмыстарды жатқызамыз. Яғни, жиналған қоқыс қалдықтарын тазалап, ағаштарды кесу жұмыстары жатады. Осы жұмыстар толық



аяқталғаннан кейін екінші кезең, яғни, жазғы маусым басталады. Бұл уақытта бір ауысымдық жұмыс тәртібіне көшіп, көшеттерді суару, автомобиль жолдарын жуу, аялдамаларды бояу, ағаштарды әктеу секілді жұмыстарды атқарамыз, – деді жол учаскесінің шебері Алтынбек Тұрсынов.

Дегенмен, жұмыс барысында бірқатар қиындықтардың да бар екені айтылды. Атап айтқанда, автотұрақтарды жуу кезінде кедергілер жиі туындайтын көрінеді.

Қазіргі таңда көлік саны айтарлықтай артқан. Автотұрақтарда бос орын тапшы. Кейде ине шан-

Желілерде жүктеме азайды

Қарқаралы қаласында электрмен жабдықтау жүйесін жақсартуға бағытталған жұмыстар кезен-кезеңімен жалғасып жатыр. Жуырда қаладағы екі көшеде қуаты 250 кВА болатын жаңа трансформаторлық қосалқы станциялар орнатылып, 20 сәуірде пайдалануға берілді.

Қала әкімі Аслан Рахымбергеновтің айтуынша, бұл жобалар электр желілеріндегі жүктемені азайтып, тұрғындарды тұрақты жарықпен қамтуға мүмкіндік береді.

Электрмен жабдықтау жүйесін жақсарту мақсатында қуаты 250 кВА болатын екі КТП орнатылды. Бұл 120-160 абонентті электрмен тұрақты қамтамасыз етуге және желілердегі жүктемені азайтуға ықпал етті. Бұған дейін Мәди көшесінде кернеудің тұрақсыздығы байқалған, ал, жаңа қосалқы станциялар бұл мәселені шешуге көмектесті, – деді қала әкімі.

Қала басшысының сөзін-



Сурет облас әкімінің сайтынан

Жұмыс іздеушілерге жаңа мүмкіндік

Теміртаудағы мансап орталығы тұрғындарға қолайлы, заманауи ғимаратта қызмет көрсетуді бастады. Чернышевский көшесі, 111 мекенжайында орналасқан екі қабатты кең әрі жарық ғимарат қоғамдық көлік аялдамаларына жақын орналасумен ерекшеленеді. Бұл тұрғындардың орталыққа кедергісіз жетуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұнда келушілерге, оның ішінде, мүмкіндігі шектеулі жандарға барлық қолайлы жағдай жасалған.

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа форматтағы мансап орталығында жұмыспен қамту мәселелері бойынша кешенді қолдау көрсетіледі. Мамандар келушілерге кеңес беріп қана қоймай, нақты бағыт-бағдар ұсынып, жұмысқа орналасудан бастап қысқа мерзімді оқуға, өз ісін ашуға ар-

налған мемлекеттік гранттарға, атаулы әлеуметтік көмекке және уақытша жұмысқа дейінгі мүмкіндіктерді таңдауға көмектеседі. Бұл – жұмыс іздеушілер үшін барлық қызметті бір жерден алуға мүмкіндік беретін тиімді жүйе.

Орталықта келушілердің ыңғайы үшін жұмыс берушілермен кездесуге арналған арнайы зал да қарастырылған. Мұнда үміткер-



Сурет облас әкімінің сайтынан



лер мен жұмыс берушілер тікелей байланыс орнатып, бос жұмыс орындары бойынша келіссөз жүргізе алады. Мұндай мүмкіндік жұмысқа орналасу процесін жеделдетуге ықпал етеді.

Айта кетейік, мансап орталығының жаңа ғимараты «Березка» және «Аян Пассаж» аялдамаларына жақын орналасқан.

ТЕМІРТАУ

Суреттерді түсірген автор

ше, инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары мұнымен шектелмейді. Биыл 10 кВ желілеріндегі апатты жағдайдағы 72 тіректі ауыстыру, 0,4 кВ желілеріндегі 7100 метр сымды СИП-кабельге алмастыра отырып жаңарту, қосымша 520 метр желіні қайта жаңғырту және 106 тіректі ауыстыру жоспарланған. Сонымен қатар, бірқатар трансформаторлық қосалқы станцияларға күрделі жөндеу жүргізу көзделіп отыр.

Жалпы, қолға алынған бұл жұмыстар Қарқаралыдағы электр жүйесінің сенімділігін арттырып, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған.

Қарқаралы ауданы

Өз тілшімізден

Халық пен заңгер жүздесті

Теміртауда құқықтық көмек бұрынғыдан да қолжетімді бола түсті. Қаланың сауда үйлерінің бірінде өткен «Халық заңгері» акциясы аясында әрбір тұрғын білікті мамандардан тегін кеңес алу мүмкіндігіне ие болды. Дәстүрлі қабылдау кабинеттерінің орнына ашық алаң таңдалып, бірнеше күн бұрын жазылуы қажеті болмай, тұрғындар мамандармен тікелей диалог орнатты.

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бір кеңістікте мемлекеттік органдар өкілдері, тәжірибелі заңгерлер мен құқық қорғау құрылымдарының қызметкерлері бас қосып, азаматтарды толандырған сұрақтарға жан-жақты жауап берді. Қабылдауға келгендер отбасылық даулар, құжат рәсімдеу, әлеуметтік төлемдер-

ге қатысты мәселелермен жүргенімен, ең өзекті тақырып тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы болды. Көпшілік қызмет көрсетуші ұйымдардың жұмысына наразылық білдіріп, өз құқықтарын қалай қорғауға болатынын білуге тырысты.

Келушілердің бірі өздері тұратын кіреберіс бойынша міндеттерін тиісінше орындамай отырған ПИК құрамынан шығу

жолдарын сұраса, мамандар оған нақты іс-қимыл алгоритмін түсіндіріп, қайда және қалай жүгіну қажеттігін егжей-тегжейлі айтып берді. Осылайша, көптеген тұрғын үшін бұл кездесу ұзақ уақыт шешімін таппай жүрген мәселелерді реттеуге бастайтын алғашқы нақты қадамға айналды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, акцияның басты мақсаты – тек жедел құқықтық көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру. Өйткені, әр азамат өз құқығын біліп, күрделі жағдайда дұрыс шешім қабылдай алуы тиіс.

ТЕМІРТАУ



Сурет облас әкімінің сайтынан



• АКАДЕМИК, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ ӘБДУӘЛІ БАЕШОВ – 80 ЖАСТА

Табиғат тылсымынан ғылым шыңына дейін...

Академик Әбдуәлі Баешов тағдырдың сынағын өмірге келмей жатып-ақ сезінген жан. Ана құрсағында ұзақ уақыт қимылсыз жатқан оның өміріне қауіп төнеді. Дәл осы кезде табиғаттың шиналы күші – емдік өсімдіктердің көмегімен сәби аман қалыпты. Бұл жағдай кейін оның табиғат, энергия және тіршілік заңдылықтарына деген терең қызығушылығының бастауы болғандай. Балалық шағынан-ақ, ол қоршаған ортаның құпиясына үйіліп, от пен металдың, электр мен химиялық реакциялардың байланысын түсінуге ұмтылады. Мектеп кезінде газбен дәнекерлеуді меңгеріп, металдың қызу мен әсерден «өзеруін» тәжірибе жүзінде байқайды. Осы алғашқы ізденістер оның электрохимияға деген қызығушылығын оятып, болашақ ғылыми бағытын айқындайды. Уақыт өте келе, Әбдуәлі Баешов электрохимия, электрохимиялық технологиялар және гальваникалық процестер саласында тың зерттеулер жүргізіп, жаңа ғылыми мектеп қалыптастырған ірі ғалымға айналды. Ғылым мен өндірісті ұштастырып, химиялық ток көздері мен металл электрохимиясын дамытуға елеулі үлес қосты. Табиғат пен тағдыр тоғысынан басталған өмір жолы оны Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик дәрежесіне көтерді. Даңқты ғалым биыл мерейлі 80 жасқа толып отыр.

Мектептен басталған құштарлық

Көпбалалы отбасыда туған Әбдуәлі Баешовтың жастайынан еңбекке бейімделіп, табандылық пен жауапкершілікті бойына сіңіреді. Өсе келе табиғат құбылыстарына ерекше зер салып, желдің бағыты, судың ағысы, оттың ұшығы сияқты тылсым көріністерді оймен саралап өседі. Домбыра үніне ерте әуестеніп, бір күйдің әсерінен өнерге шындап қызығып, алғашқы әуендерді үйренуге тапшыды. Бұл оның ішкі әлемін байытып, табиғат пен дыбыстың, ырық пен үйлесімнің байланысын сезінуіне жол ашты. Кейін ғылым жолына түскенде дәл осы қасиеттер – құбылысты терең түсіну, себеп-салдарды іздеу және тәзімділік оның ғылыми мінезіне айналып, болашақ ғалымның ішкі дүниесін қалыптастырған шешуші кезең болды.

Студенттік жылдардың серпіні

1964 жыл Әбдуәлі Баешов үшін өмірлік және ғылыми бағытын айқындаған шешуші кезең болды. Мектепті аяқтаған ол Қазақ химия-технология институтына түсіп, бастапқыда техникаға жақын бағытты қарастырғанымен, түпкілікті «электрохимиялық технологиялар» мамандығын таңдады. Бұл шешім оның кейінгі бүкіл ғылыми жолының негізін қалады, себебі, электрохимия – электр тогы мен химиялық процестер тоғысатын күрделі әрі перспективалы сала еді.

Институттағы ұстаздары, әсіресе Равиль Вахидов пен Виктор Пташник оның ғылыми ойлау жүйесін қалыптастырып, теориялық электрохимия, гидроэлектрометаллургия және электротехника негіздерін терең меңгеруге жол ашты. Осы кезеңде студент өндірістік еңбек пен теорияны ұштастыра отырып, студенттік жылдар оның дүниетанымын кеңейтіп, болашақ зерттеуші ретінде қалыптастырды.

Баешовтың алғашқы ғылыми жұмыстары гальванотехника саласына арналды. Ол мыс (Cu) электродтарын никельмен (Ni) электрохимиялық қаптау процесін зерттеп, қаптама сапасына ток тығыздығы, электролит құрамы, температура және катодтық потенциалдың әсерін талдады. Сонымен қатар, электролиз кезінде түзілетін қабаттың құрылымдық біртектілігін, адгезиялық қасиеттерін және микрокаттылығын салыстырмалы түрде зерттеу жүргізді. Бұл зерттеулер оның

электрохимиялық тұндыру процестерінің заңдылықтарын түсінуіне алғашқы ғылыми негіз болды.

Кейінгі маңызды бағыт – никель-фосфор (Ni-P) жүйесіндегі электрохимиялық тұндыру процесі болды. Баешов арнайы эксперименттік қондырғы құрастырып, катодтық потенциалдың уақыт бойынша өзгерісін үздіксіз тіркеу арқылы процесс кинетикасын зерттеді. Нәтижесінде алғаш рет никель-фосфор қорытпасы түзілгенде катодтық потенциалдың периодты түрде тербелетіні анықталды. Бұл құбылыс қабат-қабат құрылым түзілуімен және электролиттегі иондық тепе-теңдіктің динамикалық өзгерісімен байланыстырылды. Осы зерттеу электрохимиялық тұндырудың тек стационарлық емес, күрделі динамикалық жүйе екенін көрсетті.

Сонымен қатар, ерітінділердегі иондардың өзара әрекеттесуін, электрод бетінде жүретін тотығу-тотықсыздану реакцияларын және металл иондарының разрядталу механизмдерін зерттеуге көңіл бөлді. Бұл жұмыстар оның кейінгі гидроэлектрометаллургия және металл бағыттарын алу технологиялары ұнтақтардағы зерттеулеріне тікелей негіз болды.

Қарағандыдағы қадамдар: Бөкетов мектебі

Химия-металлургия институтындағы (ХМИ) Қарағанды кезеңі Әбдуәлі Баешовтың ғылымдағы ең шешуші әрі өнімді дәуірі болды. Әсіресе, оның ғылыми қалыптасуына осы ХМИ-дағы академик Евней Бөкетов жетекшілік еткен ғылыми мектеп ерекше ықпал етті. Оның негізгі зерттеу бағыты гидроэлектрохимия мен электрохимияның түйісінде орбиді. Баешов автоклавтық жоғары қысымда жүретін процестерді зерттеп, мыс, никель, кобальт сияқты түсті металдарды сульфидті және тотыққан кендерден ерітіндіге өткізу және бөліп алу технологияларын жетілдірді. Ол кен құрамындағы күрделі қосылыстардың ыдырау механизмін, ерітіндідегі иондардың әрекеттесуін және металдардың ерігіштік кинетикасын зерттеді. Сонымен қатар, электролиз процесі арқылы металдарды тұндыру, катод пен анод бетінде жүретін реакциялардың заңдылықтарын, ток тығыздығы мен электроток құрамының әсерін нақты тәжірибелермен дәлелдеді. Кейін бұл жұмыстарды кеңейтіп, селен, теллур, күкірт сияқты халькоген элементтерінің қосылыстарын электрохимиялық жолмен алу және олардың қасиеттерін зерттеу-



ге көшті.

Ғылыми ізденістердің ең маңызды кезеңі – автоклавтық гидрометаллургиялық процестерді электрохимиялық әдістермен алмастыру идеясын ұсынуы болды. Ол жоғары температура мен қысымды қажет ететін өндірістік реакцияларды электр тогы арқылы бөлме температурасында жүргізуге болатын тәжірибе жүзінде тексерді. Александр Костиковпен бірлескен зерттеулер нәтижесінде селен қосылыстарының электролиз арқылы тотықсыздануы, анодтық тотығу процестері және потенциалдық қысықтар арқылы реакция механизмін анықтау сияқты маңызды нәтижелер алынды. Бұл гидрометаллургия мен электрохимияны біріктірген жаңа ғылыми бағыттың бастамасы еді.

– Бұл ортада академик Евней Бөкетовтің ғылыми ықпалы ерекше болды. Евней Арыстанұлы зерттеушілерге тек тапсырма беріп қана қоймай, әр тәжірибенің ғылыми мәнін терең талдауға үйретті, идеяны өндірістік деңгейге жеткізуге бағыт берді. Бөкетовтің қолдауымен институтта теория мен практиканы ұштастырған нағыз ғылыми мектеп қалыптасты. Мен сол мектептің белсенді оқидерінің бірі болдым, – дейді Әбдуәлі Баешұлы.

Химия-металлургия институтының қазіргі директоры Сайлаубай Байсанов пен Әбдуәлі Баешовтың ғылыми байланысы Қарағандыдағы Химия-металлургия институтында (ХМИ) қалыптасқан біртұтас ғылыми мектептің аясында дамыды. Сайлаубай Байсанов – түсті және қара металлургия саласының белгілі маманы, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Ол феррокорытпа өндірісі мен металлургиялық процестердің технологиясын жетілдіру бағытында іргелі зерттеулер жүргізді. Ал, Әбдуәлі Баешов электрохимия және гидроэлектрометаллургия саласын дамытып, металдарды ерітінділік әдістермен алу, тазарту және қайта өңдеу технологияларын қалыптастырды.

Химия-металлургия институты Евней Бөкетов негізін қалаған, теориялық химия мен өндірістік металлургияны ұштастырған нағыз ғылыми мектеп еді. Осы ортада қалыптасқан жас зерттеуші гидрометаллургия мен электрохимияны қатар зерттеп, әсіресе, селен және теллур химиясына терең мән берді. Институттағы гидрохимиялық зертханаларда жүргізілген автоклавтық тәжірибелер түсті металдарды жоғары қысым мен тем-

пературада ерітіндіге өткізу процестерін түсінуге бағытталды және өндірістік кендерді өңдеудің жаңа тәсілдерін іздеуге негіз болды.

Осы зерттеулер барысында маңызды ғылыми жаңалық қалыптасты. Бұрын тұрақты әрі тотықсыздануы қиын деп есептелген алты валентті селен иондары (SeO₄²⁻) электрохимиялық жағдайда оңай тотықсызданып, элементтік селенге айналатыны тәжірибе жүзінде дәлелденді. Полярзациялық қысықтар мен электролиздік зерттеулер арқылы Se(VI) → Se(0) процесінің кинетикасы мен механизмі анықталды. Бұл нәтиже бөліп өндірістік ерітінділерден тиімді селенді алудың жаңа электрохимиялық технологиялық негізін қалады.

Ең маңызды ғылыми бетбұрыс – автоклавта жүретін күрделі гидрометаллургиялық процестерді қарапайым температурада электрохимиялық әдістермен алмастыру мүмкіндігін көрсету болды. Бұл идея тек теориялық тұжырым емес, нақты тәжірибелермен дәлелденіп, селен мен теллурды қалдық шикізаттан бөліп алудың жаңа жолдарын ұсынды. Соның нәтижесінде бірнеше патенттер алынып, ғылыми мақалалар жарияланды, ал зерттеу бағыты Қазақстандағы қолданбалы электрохимия мен гидрометаллургияның жаңа мектебіне айналды.

Осылайша ХМИ-дегі Бөкетов мектебі жас ғалымды қарапайым тәжірибешіден жаңа ғылыми бағыт қалыптастыратын зерттеуші деңгейіне көтерді. Ал, селен химиясы бойынша жүргізілген жұмыстар оның кейінгі ғылыми мектебінің өзегіне айналған іргелі бағыттардың бірі болды.

– Әбекеңнің ұлан-ғайыр ғылыми жұмыстарымен қоса білімді ғылыми кадрлар даярлауға қосқан үлесі оның еңбексүйгіштігінің дәлелі деуге болады. 1991 жылы енді ғана ашылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің экология факультетінің деканы қызметіне шақырылып, кейін Кентау бөлімінің вице-президенті, ректоры, директоры қызметтерін атқарды. Осы жылдары ол өзінің ғылыми бағыты бойынша Кентау бөлімінде электрохимия саласы бойынша көптеген шәкірт даярлады. 2005 жылы Әбекең «Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің еңбек сіңірген құрметті азаматы» атағымен марапатталды, – деп еске алады химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Серік Фазылов.

Тереңдей түскен зерттеулер

Ультрадисперсті мыс ұнтағын алу бағытындағы зерттеулер Әбдуәлі Баешовтың Химия-металлургия институтындағы ғылыми ізденістерінің ең маңызды әрі нәтижелі кезеңдерінің бірі болды. Бұл жұмыс Евней Бөкетов қалыптастырған ғылыми мектептің тікелей ықпалымен дамып, электрохимия мен металлургияны тоғыстырған қолданбалы бағыт ретінде қалыптасты.

Тәжірибелер барысында күтпеген, бірақ өте маңызды құбылыс анықталды: электролитке титан иондары енгізілген кезде мыс тек катод бетінде ғана емес, ерітінді көлемінде де өте майда бөлшектер түрінде түзіле бастайды. Кейін бұл құбылыс титан иондарының Ti⁴⁺/Ti³⁺ редокс-жұбы арқылы «аралық электрон тасымалдаушы» қызмет атқарып, жүйеде қосымша тотықсыздану жолдарын ашуымен түсіндірілді. Яғни, титан иондары электрондарды уақытша «сақтап», кейін оларды Cu²⁺ иондарына беріп, мыс ұнтағының түзілуін күшейтеді. Нәтижесінде сутек бөлінуі азайып, тоқтың пайдалы шығымы артып, ұнтақ мыс түзілуі 10-18% аралығында жоғарылады.

Алынған ғылыми тұжырымдар өндірістік деңгейде Алмалық тау-кен комбинатында сынақтан өтті. Үздіксіз электролиз режимінде жүргізілген тәжірибелер титан иондары бар жүйенің бақылау жүйесіне қарағанда әлдеқайда тиімді екенін көрсетті: мыс ұнтағының шығымы орта есеппен 15%-ға артты, ал шлам құрамындағы селен мен теллур сияқты бағалы компоненттердің жоғалуы азайды. Бұл нәтижелер сол кезең үшін сирек кездесетін ғылыми-өндірістік жетістік ретінде бағаланып, авторлық куәліктермен қорғалды.

Кейінгі кезеңде зерттеу тек мыс жүйесімен шектелмей, ультрадисперсті бөлшектердің түзілуінің жалпы заңдылықтарын анықтауға бағытталды. Катод маңындағы ерітінді аймағында жүретін коллоидтық процестер, анод-катод арасындағы редокс-тепе-теңдіктер және микродисперсия түзілу механизмдері терең зерттелді. Соның нәтижесінде 1 микроннан кіші мыс бөлшектерін алудың бірнеше жаңа электрохимиялық әдістері ұсынылды. Бұл әдістер кейін өндірістік майларға қосымша ретінде қолданыс тауып, үйкелісті азайту және механизмдердің тозуын төмендету мақсатында сынақтан өтті.

Ол тек классикалық тұрақты токта жүретін электрохимиялық процестерінің зерттеушісі ғана емес, ХМИ қабырғасында Менделеев кестесіндегі металдардың айнымалы токта байқалатын бүкіл электрохимиялық қасиеттерінің анықтамалығын жасап, электрохимия саласында өшпес із қалдырды. Бұл орасан зор жұмысты көптеген шәкірттеріне жасатып, оларды ғылым жолына аса бір өзгеше жаңалық үлес арқылы шығарды.

Әбдуәлі Баешов – химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, «Құрмет» орденінің иегері, Кенес Одағының өнертапқышы.

Академик Е.Бөкетовтің жетекшілігімен кандидаттық (1977) және докторлық (1991) диссертация қорғады. Қазақстандағы жоғары білім мен ғылымның дамуына зор үлес қосты. 1993 жылы профессор атанып, кейін бірнеше ұлттық және

халықаралық академиялардың мүшесі болды. 1000-нан астам ғылыми еңбектің, 22 монографияның және 150-ден аса патенттің авторы.

Баешов 39 кандидат және 1 докторлық диссертацияға жетекшілік етіп, көптеген жас ғалымдарды тәрбиеледі. Оның шәкірттері арасында мемлекеттік сыйлық иегерлері мен белгілі ғалымдар бар.

Әбдуәлі Баешов – Қазақстанда электрохимия және гидрометаллургия бағытында өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырған көрнекті ғалым. Оның жетекшілігімен Қарағанды кезеңінде бірнеше жас зерттеуші кандидаттық және докторлық диссертация қорғап, жеке ғылыми бағыттарын дамытты. Солардың бірі – Химия-металлургия институтының профессоры Мұрат Мантенұлы Доспаев.

Мұрат Мантенұлы – Баешов ғылыми мектебінің тікелей шәкірті. Түсті металлургияның күрделі мәселелерін шешуге, әсіресе, қиын байытылатын тотыққан және үйінді кендерден металдарды алудың тиімді технологияларын дамытуға ден қойды. Оның кандидаттық жұмысы «Жоғары дисперсті мыс және оның тотықтары ұнтақтарын электрохимиялық әдіспен алу» тақырыбына арналса, докторлық диссертациясы «Ультрадисперсті мыс, оның тотықтары мен сульфидтерінің ұнтақтарын алудың және пайдаланудың гидрометаллургиялық технологиясын жасау» бағытында орындалды. Бұл зерттеулер мыс қосылыстарын ұсақ дисперсті және ультрадисперсті күйде алудың электрохимиялық және гидрометаллургиялық негіздерін жүйелеп, жаңа технологиялық шешімдер ұсынды.

Баешов мектебінің басты ерекшелігі – теориялық ізденісті өндірістік қолданбалы нәтижемен ұштастыру болатын. Осы дәстүрді жалғастырған Мұрат Мантенұлы да электрохимиялық сульфидтендіру, мыс және оның қосылыстарының ұнтақ түрлерін алу, сондай-ақ, күрделі кендерді өңдеудің жаңа гидрометаллургиялық тәсілдерін дамытуға үлес қосты.

Ел ғылымында электрохимия мен металлургиялық процестердің дамуына зор үлес қосқан тұлға Әбдуәлі Баешов – табиғат пен тіршіліктің тылсым заңдылықтары тоғысқан ортадан өсіп шықты. Ол от пен металдың, ток пен реакцияның құпиясын терең зерттеп, электрохимиялық технологиялар бойынша ғылыми мектеп қалыптастырып, Қарағандыдағы Химия-металлургия институтында көптеген шәкірт тәрбиеледі. Осылайша оның еңбегі жеке жетістік деңгейінен асып, Қазақстандағы электрохимия мен гидрометаллургия ғылымының дамуына негіз болған тұтас ғылыми бағытқа айналды.

Академик Әбдуәлі Баешұлын мерейлі 80 жасымен құттықтап, мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз!

Сайлау БАЙСАНОВ,
Ж.Әбішев атындағы
Химия-металлургия
институтының
директоры, техника
ғылымдарының докторы,
ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты,
Мұрат ДОСПАЕВ,
ХМИ электрохимиялық үрдістер
зертханасының меңгерушісі,
техника ғылымдарының
докторы.
Д

Конкурсқа өтінім қабылдау басталды

Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы облыстың жұмыс берушілері мен кәсіпкерлерінің назарына ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі, жұмыс берушілердің Ұлттық палатасы, Қазақстан Республикасының кәсіподақтар Федерациясы 2026 жылы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» республикалық конкурсын өткізудің басталғаны туралы хабарлағанын жеткізеді. Байқау қорытындысы жыл соңында шығарылады.

Конкурс жеке кәсіпкерлік субъектілерінің халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін қоғам алдындағы өзінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған.

Осыған байланысты облыстың қалалары мен аудандарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, жоғары корпоративтік жауапкершілігі бар өңір кәсіпорындарының оң тәжірибесін, өткен жылдардағы «Парыз» конкурсының жеңімпаздарын насихаттау жоспарланып отыр.

Конкурстың өңірлік және республикалық кезеңдеріне қатысу тегін.

Байқау 4 номинация бойынша өткізіледі:

1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын».

Бұл номинацияда өз персоналды қолдауға, өңірдің әлеуметтік жобаларын іске асыруға қатысуға, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламалар-

ды (еңбекке ақы төлеуді және әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыру, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйелері, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың барынша көп санын жұмысқа орналастыру және т.б.) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады.

2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын».

Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады.

3) «Үздік ұжымдық шарт».

Бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын

ұжымдық шарттар қаралады.

4) «Экологияға қосқан үлесі үшін».

Бұл номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Сонымен қатар, Конкурста «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» арнайы сыйлығы бекітіледі.

Бұл арнайы сыйлықта бизнес іске асыратын, халықтың әлеуметтік осал және аз қамтылған топтарының жұмыспен қамтылуына және (немесе) тұрмыс жағдайларын жақсартуға ықпал ететін әлеуметтік жобалар қарастырылады.

«Парыз 2026» конкурсына қатысу қағидалары мен тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін ұйымның орналасқан жері бой-



ынша қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне жүгінудіңізді сұраймыз. Сондай-ақ барлық ақпаратты «Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ сайтынан ала аласыздар.

Сұраныс һәм таңдау

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл вакансиялар құрылымы кең және әртүрлі біліктілік деңгейін қамтиды. Олар – сапа инженері, энергетик-инженер, өндіріс инженері, тау-кен инженері, автоматтандыру инженері, химия инженері, бағдарламашы-инженер, аға шебер, арматурашы, жабдық жөндеу шебері, электрғазбен дәнекерлеуші, жөндеу слесарі, қазандық қондырғысының машинисі, жабдық операторлары, әртүрлі жұмысшылар, тазалаушылар, асхана қызметкерлері және басқа да мамандықтар.

Жалақы мөлшері шамамен 150 мыңнан 600 мың теңгеге дейін. Бұл көрсеткіш өндірістің табыстың тек бастапқы деңгеймен шектелмейтінін, тәжірибе мен біліктілік арқан сайын табыс та өсетінін айту керек.

Кадр тапшылығы әсіресе, өнеркәсіп, құрылыс, көлік және ауыл шаруашылығы саласында өткір тұр. Ал, ең сұранысқа ие мамандықтарға токарь, фрезерші, сандық бағдарламамен басқарылатын станок операторы, технолог, инженер, дәнекерлеуші, бетоншы, тас қалаушы, электромонтажшы жатады. Бұл – экономиканың нақты секторында жұмыс күшіне деген тұрақты әрі ұзақ мерзімді қажеттілік бар екенін дәлелдейді.

Неге сирек таңдайды?

Еңбек нарығындағы сұраныс жоғары болғанымен, жастардың бұл салаға қызығушылығы әрдайым сәйкес келе бермейді. Бұл – біздің елде ғана емес, көптеген елдерде байқалатын жаһандық үрдіс.

Бірінші фактор – жұмысшы мамандығы қоғамда әлі күнге дейін «беделсіз», «қара жұмыс» ретінде қабылданады. Ата-аналар балаларын көбіне кеңсе қызметкері, менеджер немесе IT маман ретінде көргісі келеді. Екіншісі – жастар тез әрі жоғары табысқа жетуі көздейді. Ал, өндірісте бастапқы кезеңде жалақы орташа болуы мүмкін. Бірақ, ұзақ мерзімді табыс перспективасы жиі ескерілмейді. Үшіншісі – еңбек жағдайлары. Өндірістік жұмыста физикалық жүктеме, ауысымдық кесте, шу, шаң, температура, кей жағдайда денсаулыққа қауіп факторлары. Бұл кенселік жұмысқа қарағанда тартымдылықты төмендетеді. Ал, төртінші фактор – Gen Z құндылықтары. Мұнда жастар үшін – икемділік, қашықтан жұмыс, фриланс және стартап мәдениеті маңызды. Өйткені, олар жылдам өсігізе мен еркіндікті қалайды. Бесіншісі – ақпараттық дисбаланс. Әлеуметтік желілерде IT, блогинг, кәсіпкерлік кеңінен

насихатталады. Ал, өндіріс саласы туралы қызықты әрі заманауи контент жеткіліксіз. Алтыншы фактор – кәсіби бағдар берудің әлсіздігі. Мектептерде өндірістік мамандықтар туралы жүйелі ақпарат аз беріледі. Жастар заманауи өндірістің роботтандырылған, цифрландырылған екенін аса білмейді.

Қазіргі заманғы өндірісте еңбек қауіпсіздігі мәселесі ерекше назарда. Жұмыс берушілер заң бойынша еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқама өткізуге, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге, қауіпсіздік нормаларын сақтауға міндетті. Сонымен қатар, міндетті түрде алдын ала медициналық тексерулер мен мерзімді медициналық тексерулер жүргізіледі. Бұл талаптар өндірістік еңбекті бұрынғыдай «қауіпті және бақылаусыз» деген түсініктен алшақтатады.

Жас буынды өндіріске тарту құралдары

Жастарды өндірістік секторға тарту үшін мемлекет кешенді саясат жүргізуде. Атап айтсақ, 12 айлық «Жастар практикасында» – алғашқы тәжірибе алуға мүмкіндік алса, субсидияланатын жұмыс орындары (қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары, «Күміс жас» жобасы) мен қысқа мерзімді кәсіби оқыту – жана дағдыларды жылдам игеруге мүмкіндік береді.

Бұл бағдарламалар жастарды еңбек нарығына енгізудің негізгі құралдарына айналған. Облыс аумағында өндірістік кадрларды даярлауда Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті ерекше орын алады. Университеттің Маркетинг және PR департаментінің директоры Нұрлан Айтбаев соңғы үрдістерге тоқталды.

– Соңғы 3-5 жылда техникалық мамандықтарға түсушілер саны тұрақты өсіп отыр. Орташа есеппен жыл сайын 5-10% өсім бар. Әсіресе, инженерия, IT, автоматтандыру бағыттары сұранысқа ие, – деп атап өтті ол.

Бұл өсімге мемлекеттік гранттардың артуы, ірі кәсіпорындардың сұранысы, инженер мамандығы беделінің қалпына келе бастауы, университет пен өндіріс байланысының күшеюі оң әсер етіп отыр.

– Жастар мамандық таңдауда прагматикалық көзқарасқа көшті. Олар нақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар бағыттарды таңдай бастады. Университеттің өндіріс орындарымен байланысы кең. 200-ден астам кәсіпорынымен келісімшарт бар. Негізгі серіктестер – тау-кен өндірісінде Qatmet, Қа-

зақмыс, ERG, KAZ Minerals, энергетика бағытында – Kazakhmys Distribution, «Қарағанды Энергоцентр», ал, сервис саласында – Borusan Makina, Ұлттық сараптама орталығы, – дейді Нұрлан Айтбаев.

Одан бөлек, интеграцияның ең жоғарғы формасының бірі дуальды оқыту жүйесіне 43 серіктес кәсіпорын және 37 білім беру бағдарламасы қатысады. Осы модель бойынша 412 студент оқуына нақты объектілерде ақылы жұмыспен ұштастырып оқиды. Яғни, бұл модель студенттерге оқу мен жұмысты қатар алып жүруге мүмкіндік береді.

Жұмысқа орналастыру жүйесі

Университет еңбек нарығының цифрлық экосистемімен тығыз жұмыс істейді. Негізгі құралдарға Enebek.kz, beam.kz және hh.kz жатады.

Enebek.kz порталы арқылы түлектердің нақты жұмысқа орналасуы тексеріліп, электрондық еңбек шарттары бақыланады және ресми есеп жүргізіледі. Мансап орталығы түйіндеме дайындауға көмектесіп, сұхбатқа дайындайды және жұмысқа орналасуды сүйемелдейді.

Апталық мониторинг жүргізіледі. Онда вакансиялар талданып, жұмысқа орналасу себептері мен кедергілері зерттеледі (әскер, декрет, денсаулық) және telegram арқылы тұрақты кері байланыс бар.

Сонымен бірге, университетте «Карьера START» және «Мансап күндері» жәрменкелері тұрақты өтеді. 2025-2026 оқу жылында 1500 студент пен 100-ден астам компания қатысқан. Негізгі жұмыс берушілер арасында Qatmet, Қазақмыс, Maker, KMZ, Қарағанды Энергоцентр, Kazakhmys Distribution, BI Group, Eurasian Foods компаниясы бар.

Бұдан бөлек, YDD Corporation, Sigma Corporation, «Терриконовая долина», «Казэроновигация», Богатырь көмір, KAZ Minerals және басқа компаниялар студенттерді диплом алмай тұрып жұмысқа қабылдайды. Бұл – еңбек нарығында кадр тапшылығының нақты дәлелі.

Атқарылып жатқан жұмыстың нәтижесі де жаман емес. Түлектердің жұмыспен қамтылуы ойдағыдай жүзеге асуда. 2025 жылғы көрсеткіштерге тоқталсақ, бакалавриатта мамандығы бойынша жалпы 91%-дың, 50%-ы, магистратурада жалпы 97% болса, соның 68%-ы, ал, докторантурада – 100%.

Жыл сайын түлектердің саны да артып келеді. Мәселен, 2025 жылы 2110 түлек бітіріп шықса, 2026 жылы 2167 түлек диплом



Коллаж Алматы АИЭС Рухомиті

алған. Халықаралық студенттер саны да өсуде. Олардың басым бөлігі Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстаннан келіп оқиды.

Халықаралық тәжірибеге үнілсек...

Өндірістік мамандықтарға кадр тапшылығымен дамыған елдердің де көпшілігі бетпе-бет келіп отыр. Мысалы, Германия өндірістік кадрларды даярлауда дуальды білім беру жүйесін сәтті енгізген. Мұнда студент оқу уақытының жартысын кәсіпорында өткізіп, нақты өндірістік тәжірибе жинайды. Соның арқасында түлектер диплом алған сәтте-ақ толыққанды маман ретінде жұмысқа орналасады.

Ал, Оңтүстік Корея мен Жапонияда өндіріс толықтай дерлік автоматтандырылған. Бұл мемлекеттерде жұмысшы мамандығы «қара жұмыс» емес, жоғары технологиямен жұмыс істейтін беделді кәсіп ретінде қабылданады. Соған қарамастан, бұл елдердің өзінде де жастардың бір бөлігі немесе цифрлық салаларды таңдауға бейім. Сондықтан, олар өндірісті тартымды ету үшін жалақыны көтеруге, жұмыс жағдайын жақсарту, өндірісті цифрландыру және мамандық имиджін өзгерту сияқты мәнді шараларды қолға алған.

Өндіріс туралы ресми статистика бір бөлек, ал, күнделікті өмірдегі тәжірибе мүлде басқа. Облыс аумағында бұл мәселе қарапайым тұрғындардың өмірінен анық көрінеді.

– Жастардың көбі кеңседе жұмыс істегісі келсе де, бәрі бірдей ондай жұмыс таппайды. Таныстарымының ішінде өндірісте істейтіндер бар. Олар тұрақты жалақы алады, бірақ, жұмыстың ауыр

екенін айтады. Ерте тұрады, кейде түнгі ауысымға шығады. Соған қарамастан, олар «жұмыс жоқ» деп отырмайды. Кейбір таныстарым жылы әрі жайлы өндіріс орнында істейді. Бірақ, жалақысы аз. Демек, жұмыс бар, таңдау мол. Сондықтан жайсыздау өндіріске жастар барғысы келмейді, – дейді қала тұрғыны Эльнура Бекмаханова.

Бұл пікір еңбек нарығындағы басты қайшылықты көрсетеді. Жұмыс бар, бірақ оған деген көзқарас кедергі болып отыр. Ал, студент Дүние Салиева жастардың таңдауын өзгеше түсіндіреді.

– «Біздің ортада көбісі IT, SMM, дизайн сияқты салаға қызығады. Өндіріс туралы көп айтылмайды. Ашық айтсам, зауыттағы жұмыс ауыр сияқты көрінеді. Алайда, ойланп қарасақ, ол жерде нақты мамандық бар, тәжірибе бар. Кейбір достарым іс-тәжірибемен өтіп, жақсы жалақы алып жүр. Қазір өндіріске көзқарас біртіндеп өзгеріп келе жатыр. Меніңше, осы бағытта фильмдер түсіру керек, – дейді ол.

Байқасақ, бір жағынан – қорқыныш, екінші жағынан – қызығушылық. Енді соның аражігін ажыратып, елге пайда тигізуді ойлайтын жастар тәрбиелесек құба-құл.

Өндірістің ішіндегі нақты жағдайды Саран қаласындағы «QazTechn» ЖШС қызметкері Тимур Ораловтан сұрадық.

– Зауытта бірнеше жылдан бері істеймін. Басында қиын болды. Тәртіп қатал, уақытпен жұмыс істейсін, қателесуге болмайды. Десе де, үйренген соң бәрі жүйеге түседі. Қазір бізде көп процесс автоматтандырылған, станоктар компьютермен жұмыс істейді.

Ең бастысы – бес күндік жұмыс, тұрақты жалақы бар. Жастар келеді, алайда, бәрі бірдей шыдамайды. Өндірісте тәртіп керек, жауапкершілік керек. Қазір техника көп көмектеседі. Бірақ соны басқару үшін білім керек. Сондықтан бізге жай жұмысшы емес, түсінетін, үйренгісі келетін жастар қажет, – дейді ол.

Қорытынды

Кеншілер өңірі еліміздегі еңбек нарығының негізгі трендтерін айқын көрсетеді. Бір жағынан – жоғары сұраныс, екінші жағынан – кадр тапшылығы. «Өндірісте жұмыс жоқ» деген пікір – миф. Керісінше, өндіріс – ең тұрақты және сұранысқа ие салалардың бірі. Сонымен қатар, жастардың бұл салаға қызығушылығы да біртіндеп артып келеді. Бұл үрдіс білім беру жүйесінің жанаруымен, еңбек нарығының сұранысымен және дұрыс мемлекеттік саясатпен байланысты.

Байқасақ, алдағы уақытта атқарылуы тиіс негізгі міндеттер де қылтия бой көрсетеді. Олар – кәсіби бағдар беруді күшейту, өндіріс имиджін жаңарту, еңбек жағдайларын жақсарту және технологиялық өндірісті дәстүрлі түрде насихаттау.

Қазіргі жағдайда өндірістігі маңызды мамандықтар мен жұмысшы мамандықтары – адал еңбектің басты тірегі. Бұл заманауи технологияны жетілдіріп, тұрақтылықпен қамтамасыз етуге және болашаққа бағдар жасауға мүмкіндік беретін негізгі арна. Ел экономикасы үшін бұл бағыт стратегиялық маңызға ие және алдағы жылдары оның рөлі тек күшейе бермек.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Алматыдан жеткен қуанышты хабар

Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханада 9-10 сәуір күндері Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен Әдеби жыл қорытындысы бойынша «Қазақ әдебиетінің жарқын болашағы» атты салтанатты жиын өтті. Бұл іс-шарада негізгі үш: кітаптарды тарату жолы, жасанды интеллекттің ықпалы және көркем тілді сақтап қалу мәселелері қаралды. Быылғы шыққан жаңа кітаптарға шолу жасалды. Алқаы жиында лайықты делінген бірнеше жазушыға «Алаш» және бірінші рет «Ертістік» атты жаңа әдеби сыйлықтар табысталды, қарымды қаламгерлерді одан да әрі марқайтатын «Құрмет» орденімен марапаттау да өтті.

Мені ерекше қуантқан екі жаңалық болды. Біріншісі – өзіміз былырт 85 жасын тойлап өткен өлкеміздің абыз жазушысы Өмір Кәріп ағамыздың «Қазақстан Жазушылар одағының Құрметті жазушысы» атағы болса, екіншісі – әлеуметтік желі арқылы танысып, рухани жақындықтың арқасында бір-бірімізді еріден білетіндей-ақ тіл табысқан сңілім Баян Бұлғақбаеваның Қазақстан

Жазушылар одағына мүшелікке қабылданған 50 қаламгердің қатарында болғанын атап өтейін.

Баянмен әңгімелесу барысында оның жасөспірім кезінде машинка басуды үйреніп алғанының арқасында Жазушылар одағына машинистка болып қызметке тұрғанын, сол жерде мүйізі қарағайдай ақын-жазушылар Баянның сауатты басытынына көздері жеткеннен кейін өз шығармаларын басқы-

зуға кезекте тұратынын таңдана естідім. ҚазМУ-дың студенті болып жүргеніме осы Жазушылар одағының ұсынысымен Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтына түскенім, онда оқып жүргенде де бірталай болашақ жазушылармен дос-жаран болғанын, тіпті, атақты Шыңғыс Айтматовтың кітабын орыс тілінде шығарып беруге ықыласты болғанды Баян әуелі қазақ тілінде шығармақшы болып, ұсыныстан бас тартқанын айтып берген еді.

Ақыры «Тамшы» атты алғашқы өлеңдер жинағы 2003 жылы жарық көрді.

Баян маған өзінің кейінде шығарған «Жаным менің ақын ба?» өлеңдер жинағын, өмірбаяндық «Қайта оралмас өмір» атты проза кітабын және өзін тәрбиелеп өсірген Әлпи әжесіне арнаған «Га-

жайып жан» мен қайтыс болған перзентіне арнаған «Ангелочек ты мой» деген ессе кітапшаларын сыйлады.

Мен оларды оқығанда екі тілде бірдей терең жазатын әлуеті бола тұра оның тікелей шығармашылықпен айналыспай жүргенін құп көрмедім, оған менен басқа да таныстары «қаламгерлікпен айналыс» деп айтып баққан екен. Серік Ақсұңқарұлы мен Сүйіндік Жанысбай жазушыларымыз Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке өтуіне ұсыныс бергенінің нәтижесі бүгін осы сүйінші хабарға жеткізіп отыр. Енді Баян Бұлғақбаева жазушының екінші тынысы ашылып, романдары бірінен соң бірі шығатынына сенімдімін. Саған ақ жол тіледім, Баян сүйнілім!

Рымкеш СМАЙЛОВА

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2026 жылғы I тоқсандағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясы 2026 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес I аудиторлық іс-шара өткізді.

Мемлекеттік аудитпен 15 983 421,5 мың теңге қаражат көлемімен 24 объект қамтылды.

6 818 071,2 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының бұзушылықтары анықталды. 3 128 579,4 мың теңге қалпына келтірілуге және өтелуге жатады, оның ішінде 2026 ж. I тоқсандағы 1 112 159,0 мың теңге қалпына келтірілді және өтелді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша төмендегілер жолданды:

аудит объектілеріне – I аудиторлық қорытынды және 11 нұсқама жолданды, 11 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды;

мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 1 ұсыныс жолданды;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 37 аудит материалдары жолданды, жалпы 6 471,0 мың теңге айыппұл сомасына 15 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, есептік кезеңде Тексеру комиссиясы 587,1 мың теңге айыппұл сомасына 3 тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тартты.

– құқық қорғау органдарында – (Қарағанды облысының прокуратурасы, Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті) – 7 аудит материалы (өткен жылдардан бастап ауыспалы – 4 материал) қаралуда.

1. «ҚР ҚМ Мемлекеттік қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ға дейін жұмыс тәртбімен 8 (7212) 41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».
 - «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:
 - Саран қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72137) 5-11-44;
 - Шахтинск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72156) 3-91-84;
 - Теміртау қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (7213) 98-10-18;
 - Қарқаралы аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72146) 3-17-38;
 - Бұқар жырау аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72154) 2-12-87;
 - Ғұра аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72144) 5-29-88;
 - Осакаров аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72149) 4-18-90;
 - Абай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72131) 4-47-37;
 - Ақтоғай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71037) 2-10-11;
 - Балқаш қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71036) 4-07-49;
 - Приозерск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71039) 5-20-45;
 - Шет аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71031) 2-18-06.
2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртбімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы «terkom_kar@minfin.gov.kz».

д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• АТ СПОРТЫ

Жылқыдан дарыған дәру

Қарағандыдағы TURAN-EL орталығында ерекше спортшылар арасында Қарағанды облысы әкімінің ашық кубогы өтті. Аталған жарыс Паралимпиада ойындары мен арнайы Олимпиада бағдарламалары аясында ұйымдастырылған. Бәсекеге тірек-қимыл аппараты бұзылған және интеллектуалдық даму ерекшелігі бар шамамен 30 спортшы қатысты. Бұл чемпионатқа облыс атынан төрт спортшы қатысып, төртеуі де жүлделі орынға иілікті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



мұндай мүмкіндік тек Өскемен мен Астана қалаларында ғана қарастырылған еді. Турнирді қолдағаны үшін облыс әкімдігіне, демеушіміз «Nötige» компаниясына алғысымызды білдіреміз. Бұл чемпионат тек үздіктерді анықтаумен шектелмейді. Ең басты мақсатымыз – адамның мүмкіндігі шексіз екенін дәлелдеу. Ерекше қажеттілігі бар балалар мен жасөспірімдер өз қабілеттерін осы жерде көрсетіп, спортта да жетістікке жете алатынын ұғынуы қажет. Ал, көрермендер атқа мінудің оңалту процесіне қаншалықты оң әсер ететінін өз көздерімен көре алады, – деді иппотерапия нұсқаушысы әрі Қарағанды облысы командасының жаттықтырушысы Амина Есина.

Жарыс ережесіне сәйкес қаты-

сушылар ат үстінде белгіленген қашықтықты бағындыруы тиіс. Әрі әр бағдарлама бойынша тапсырмалар өзіндік деңгейлерге бөлінген. Шарт бойынша төрешілер әр спортшының ат үстіндегі тепе-теңдігін, қозғалыс техникасын және зейінін мұқият бағалайды. Өйткені, дәл осы көрсеткіштер қатысушының кәсіби деңгейі мен дайындығын айқындайтын басты өлшем саналады.

Паралимпиялық ат үсті жаттығу бағдарламасының «В» деңгейі бойынша сынға түскен жерлесіміз Айзере Ахметжан тапсырмаларды мұлткізсіз орындап, чемпион атанды. Жас спортшы бұл спорт түрімен бірнеше жылдан бері тұрақты түрде айналысып келеді. Соның нәтижесінде тәжірибесі толығып, шебер-

лігі шыңдалған. Ал, бұл чемпионат оның спорттық жолындағы үшінші ауқымды додасы екен. Жас спортшының анасы Сабина Сыздықова бұл спорт түрінің қызығуы денсаулығына оң әсер етіп жатқанын атап өтті.

– Бәрі жылқыға деген қарапайым қызығушылықтан басталған.

Уақыт өте, қызығушылығы үлкен мақсатқа ұласты. Қызым қиындықтар мен күнделікті еңбектің нәтижесінде осындай жетістікке жетті. Былтыр Өскеменде өткен ел біріншілігінен алтынмен оранды. Ат спорты бізге көп мүмкіндік берді. Дене қозғалысын үйлестіруді, қол мен аяқ қимылдарын басқаруды, әрбір әрекетті бақылауды үйретті. Қандай жағдай болмасын, біз алғашқы қадам басып келеміз, – деді Айзереңің анасы.

Олимпиада бағдарламасы бойынша «В» деңгейінде өнер көрсеткен Бақытбек Дошкин чемпиондыққа бір елі жетпей қалды.

– Бақытбектің қарсыластары қатарында бейімделген ат спортымен ұзақ жылдар бойы айналысып жүрген тәжірибелі спортшылар болды. Ал, оның клубта жаттығып жүргеніне небәрі бір жыл ғана. Соған қарамастан, өзін жақсы қырынан көрсете алды. Мұндай ауқымды турнирге алғаш рет қатысқандықтан, тәжірибе аздық етті. Алдағы уақытта дайындықты күшейтіп, алтын медаль үшін таласуға ниеттіміз, – деді спортшының жаттықтырушысы Амина Есина.

Сурет
ұйымдастырушылардан

• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Жеңіл атлеттер бақ сынады

Қарағандыда Қ.Нұржанов атындағы жеңіл атлетикалық манежде жеңіл атлетикадан Қазыбек Нұржановты еске алуға арналған 2011-2012 жылы туған кіші жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында облыстық чемпионат өз мәресіне жетті. Былғы чемпионатқа еліміздің әр өңірінен жиналған 150-ден астам жас жеңіл атлет қатысты.



Екі күнге жоспарланған жарыс бағдарламасы тартысқа толы өтті. Қатысушылар жеңіл атлетиканың негізгі түрлері бойынша сынға түсті. Атап айтсақ, 50, 100, 300, 600 метрге жүгіру және кедергілер арқылы жүгіру дисциплиналарында өзара мықтыны анықтады.

Жарыстың ашылу салтанатына облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Берік Досымбеков пен облыстық мәслихат депутаты Ерден Халилин қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар, батырдың жиені Оралхан Нұржанов та арнайы келіп, жылы лебізін білдірді.

– Чемпионат үздіктері алдағы уақытта халықаралық аренада, әлем чемпионаттарында және Олимпиада ойындарында еліміздің намысын қорғайды. Қарағанды жеңіл атлетика мектебінің тарихы мен дәстүрі тереңірек. Бүгін біз Кеңес Одағының Батыры Қазыбек Нұржановтың құрметіне арналған турнир өткізіп отырмыз. Сондықтан, жас спортшыларға үлгі тұтар тұлғалар бар, – деді Ерден Халилин.

Жерлесіміз, облыстық жеңіл атлетика мектебінің оқушысы Ямина Тимурова ұзындыққа секіруден сынға түсіп, чемпи-

он атанды. Одан бөлек, 50 метр қашықтыққа жүгіруден бақ сынап, II орын иеленді.

– Мен жеңіске жеткеніме өте қуаныштымын. Бұл жарыс мен үшін аса қиын болған жоқ. Себебі, мен үнемі дайындық үстіндемін. 2025 жылы ең үздік спортшылардың бірі атандым. Әрі спринт пен ұзындыққа секіруде көбіне жүлделі орындар алып жүрмін, – дейді жас чемпион.

Сондай-ақ, турнирге қатысушылардың бірі қарағандылық – Павел Торгов. Жас спортшы бұған дейін әлем чемпионы атанған. Қытайда өткен халықаралық бәсекеден де құр қол қайтпапты. Осы турнирде ол 50 және 300 шақырым қашықтықта бақ сынаған. Өкінішке қарай, жүлдегерлердің қатарына іліне алмады.

– Мен үшін бұл турнирге қатысу – зор мәртебе, әрі жауапкершілік. Әрбір жарыс өзіңді шыңдап, жаңа белестерді бағындыруға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта да ел намысын қорғап, жоғары нәтижелер көрсетеуге бар күшімді саламын, – деді ол.

Гүлім ҚУДАЙБЕРГЕН,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

Суретті түсірген автор

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

«Тұлпар» сүрінді

Футзалдан ел чемпионатының 40-шы туры өз мәресіне жетті. Келер айдың соңында ел чемпионатының плей-офф кезеңіне жолдама алған сегіз команда анықталмақ. Ал, бұл чемпионатта өнер көрсетіп жатқан қарағандылық «Тұлпар» шағын футбол командасының жағдайы мез емес. Күні кеше сырт алаңда «Шымкент» клубымен кездескен. Бірінші кездесуде 1:1 есебімен тең түссе, қарымта ойында 3:7 есебімен жеңіліп қалды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Тұлпар» соңғы 13 ойынында тұрақты өнер көрсетіп жүрген жоқ. «Ақтөбе», «Атырау», «Семей», «Қайрат» және «Астана» сынды қарсыласына есе жіберген. Ақтаулық «Каспий» командасына қарсы ойынның бірінші матчында 3:0 есебімен жеңгеннен, қарымта кездесуде 3:4 есебімен жеңіліс тапты.

Күні кеше «Шымкент» клубына қарсы өт-



кізген бірінші кездесуде тең есеп тіркеген. Қоржынға түскен бір ұпайға қарап, қарымта кездесуді де өз пайдасына шешеді деген үміт болғанды. Алайда, жерлестер қарымта кездесуден ұпайсыз оранды.

Енді жерлестер 25-26 сәуірде өз алаңында Оралдың «Бөйтерегін» қабылдаса, 16-17 мамырда сырт алаңда Талдықорғанның «Жетісуына» қарсы соңғы ойынның өткізеді. Қазіргі таңда «Тұлпардың» енісінде – 42 ұпай. Әзірге турнир кестесінің VIII сатысында. Одан кейін елордалық «Астана» клубы тұр. Бірақ, оларда ойналмаған әлі екі ойыны бар. Сондықтан, «Тұлпардың» ел чемпионатының плей-офф кезеңіне жолдама алып-алмауы екіталай. Жолдама алу үшін – соңғы төрт ойынды жеңу қажет. Ал, басты қарсылас елордалықтар қалған алты ойынның кемінде екеуінде жеңіліс, келесі кезеңге шығып кету мүмкіндігі туады.

Сурет клубтың
әлеуметтік желідегі
парақшасынан

• АСЫҚ АТУ

Сақа сілтеген саңлақтар

Өңірде ұлттық спорт түрі – асық ату дамып келеді. Жұырда республикалық чемпионатқа іріктеу кезеңі ретінде облыс біріншілігі өтті. Бүгінде Қарағандыда алғаш рет ел чемпионаты ұйымдастырылды. Жарыс бағдарламасына 2010-2012 жылы туған ұлдар арасында асық атудан, қыздар арасында бес асықтан командалық сайыс енгізілді. Чемпионатқа Астана, Шымкент қаласынан бөлек, 13 облыстан жүзге жуық спортшы қатысты. Турнирдің ашылу салтанатына облыстық мәслихат депутаты Ерден Халилин мен Асық ату спортынан халықаралық федерацияның вице-президенті Жомарт Сабыржанов қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Асық ату ұлттық спорт түрі ретінде 2011 жылдан бастап жүйелі түрде қалыптаса бастады. Дәл осы кезеңде ойынның бірінші ережесі әзірленіп, спорттық стандарттар бекітілген. Соның нәтижесінде спортшылар ресми талантарға сай жарыстарға қатыса бастады. Аталған ережені әзірлеуге атса-

лықандардың қатарында Жомарт Сабыржанов та бар. Осы бастамадан кейін асық ату ұлттық спорт ретінде жаңа деңгейге көтеріліп, кеңінен дамып, жүйелі түрде насихаттала бастады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық спорт түрлерін олимпиадалық деңгейдегі спортпен қатар дамыту міндетін айқындап отыр. Бүгінде елімізде асық атумен кәсіби түрде айналы-



сушылар қатары артып келеді. Осы чемпионатқа кіл мықтылар қатысып отыр. Әрі осы чемпионатқа бірқатар спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындады. Алдағы уақытта ең егіт де мерген

спортшыларымыз ел намысын халықаралық аренада қорғайды, – деді Жомарт Сабыржанов.

Чемпионат айналымы жүйе бойынша ұйымдастырылды. Барлық командалар жеребе тарту арқылы топ-

тарға бөлініп, кейін әр топ ішінде өзара айналымы форматта бақ сынасты. Жарыс барысында ойын барысы қатаң тәртіппен, төрешілердің бақылауымен өтті. Барлық кездесулер асық ату спортының бекітілген ресми ережелеріне сәйкес өтіп, әділ бәсеке қағидалары сақталған.

Бес асық сайысында Қарағанды облысының құрамасы сапында Шет ауданынан келген Айым Мәжит те өнер көрсетті. Бұл жас спортшының мұндай деңгейдегі бәсекегерге қатысуы алғаш рет емес. Бұған дейін ол Қарағанды облысының намысын Семей мен Тараз қаласында өткен жарыстарда қорғаған болатын. Алайда, бұл жолы барын салғанымен, Айымның командасы жүлдегерлер қатарынан көріне алмады.

– Бұл – мен қатысып отырған үшінші республикалық жарыс. Облыстық додаларда үнемі I орын алып жүрдім. Дегенмен, бұл – командалық сайыс. Бір спортшының

жіберген қателігі тұтас команданың нәтижесіне әсер етеді. Өкінішке қарай, бұл жолы командамызға сәттілік жетіспеді. VIII орынмен шектелдік. Алдағы уақытта кемшіліктерімізбен жүйелі жұмыс істеп, жеңіс үшін барымызды саламыз, – дейді Айым Мәжит.

Турнир қорытындысы бойынша асық атудан жалпыкомандалық есепте Алматы облысының командасы жеңімпаз атанды. Түркістан облысының құрамасы күміс жүлдеге ие болса, Астана қаласының командасы үздік үштікті түйіндеді. Бес асық сайысында Астана қаласының қыздар командасы қарсылас шак келтірмей, чемпион атанды. Түркістан облысының спортшылары II орынды иеленсе, Қызылорда облысының командасы ел чемпионатының қола жүлдегерлері атанды.

Сурет
ұйымдастырушылардан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күлелі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 068

№43 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРНАТ КЕНЕСБЕКҰЛЫ